

Қоржынтүбек қайта түлейді



2-бет

Тамырға оралу немесе бір кеншінің кенен кейпі



4-бет

Сыдықтың сазын ұмытуға бола ма?..



6-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБИ, 24 ТАМЫЗ, 2024 ЖЫЛ №95 (23 417)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Құрметті жерлестер!

Қарағанды облысының тұрғындары Шахтер күнін жыл сайын асыға күтеді. Себебі, ол – біздің өңіріміз үшін ерекше мереке.

Барлығыңызды осы мерекемен шын жүректен құттықтаймыз!

Қазыналы Қарағанды облысының шахтерлері жеті қабат жер астынан кен қырғысын өндіріп, тәуелсіз мемлекетіміздің экономикасын одан әрі дамытуға өздерінің адал еңбектерімен нақты үлестерін қосып келеді. Сондықтан да, олардың ерен еңбектері қандай марапатқа да лайықты.

Елімізде өндірілетін көмірдің үштен бір бөлігі біздің жерімізден шығады. Шахталарда ғылымға негізделген озық технологиялар қолданылуда. Көптеген үлкен жобалар жүзеге асырылып жатыр.

Бұл мемлекетіміздің осы салаға деген ерекше қамқорлығы мен қолдауының нәтижесі.

Барша Қарағанды облысының жұртшылығы, бүкіл еліміз жер астынан көмір қырғысын қопарып, ел байлығын еселеуге үлкен үлес қосып жүрген шахтерлердің еңбегін жоғары бағалайды. Кәсіби мереке қарсаңында көмір өндірісі саласының ардагерлеріне, барлық шахтерлерге шынайы алғыс сөзімізді арнаймыз.

Сіздерге мықты денсаулық, еңбекте табыс, отбастарыңызға амандық пен бақ-береке тілейміз!

Шахтер күні құтты болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі

Нұркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

ЕРТЕҢ – ШАХТЕР КҮНІ

Қалам ұшындағы Қарағанды

Қарағанды – кара алтынның символы. Шаһар әредік байырғы паровоздың оттығындағы аспаңатқан от ұшқыны сияқты жауқазын жыр мен парасат тұнған проза албарында патша көңіл оқырманына қараңғы жамылған мезеттегі жұлдыздай жымындайды. Кітапта болсын, галамтор желісінде болсын, қаламгер қаламы атын арқау еткен Қарағанды біздің көз алдымызда тек қала ретінде ғана емес, көмірмен, өзіне ғана тән өмірмен дем алатын, дала желінен күак алып, қазақстандық аспаң ақжигінің етегінде армандайтын тірі ағза қалыбында көрініс береді.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бастау

Әуел баста Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Сәкен Сейфуллин және Иса Байзақовтай алыптар шоғырының шығармаларында Қарағанды бірнеше рет алапат соғыс кезеңінде де, бейбіт заман орнаған индустриаландыру дәуірінде де қазақ халқының қалыптасуының аса бір маңызды кезеңінің көрінісі болды. Кейінірек С.Ақсұңқарұлы, С.Бексейіт, Б.Мамыр, С.Нәженов, А.Бөкен, Т.Әлжантегі, Ж.Қашқынов, Т.Майбас (өзге қаламгерлердің есім-соғы аталмаса, ғафу өтінеміз) сынды көрнекті жазушылар кенішіті Қарағандысын жан қуатымен, қауырсының күдіретімен ақсер әлемге паш етті. Сөйтіп, Сарыарқаның сайын даласында қазығын қағып, сәулеттене бой көтерген шаһар қазақтың көмір өнеркәсібі ғажайыптарының жүрегіне айналды. Ерен-ғайып еңбек пен кеншінің қуат-жігері арқылы жазушылар қауымы еңбек адамын құр сөз денгейінде емес, сол өткен ғасырлардың күнделікті шындығын әрі рухын жеткізді. Кеншілер астанасы, қаймана елінің қадірменді қаласына айналған аймақ шығармашыл жандардың көз алдындағы темірқазық нысанға айналды. Прозада болсын, поэзияда да мұндағы еңбек адамының күнделікті өмірінің егжей-тегжейі әдіптеліп сөз етіледі. Қаламгер шығармаларындағы Қарағанды еңбек майданындағы санқылы оқиғалар легін аңдайсыз. Өсіресе, қалам ұшындағы Қарағанды сіз бен біз кеншілердің еңбегі мен саналы өмірі құр қаланы ғана емес, сонымен бірге, онда тұратын әр тұрғынның аурасын сезінесіз.

Ал, ақын өлеңінде қасиетті Қарағанды – көмір ғана емес, адам тағдырының метафорасы. Шамырқанған шайырлар жыр жолдарында шаруашыл шаһар қайшылықтар айғағы ретінде қылаңытады. Байлық пен кедейлік, күш пен осалдық. Шаңды шахталарда машиналар дауылының арасында болат тәрізді берік әрі көмір тозаны сияқты сынғыш ерлер бей-



Коллаж жасаған М.Әлимова

несінің көрмесіндей көркем жолдар бар. Өлең кейіпкерлерінің талайды тағдырлары жеңістердің қуанышын да, ең керетін жоғалтқан жайттардың опығын да боямасыз жырлайды. Ақын шығармашылығында от пен көмір ұғымын адамның ішкі күресінің нышаны ретінде жиі қолданған. Өлең шумағының әрбір өрімтал жолы, штрихы осындағы қайнаған құмырдың алаңы мен мерейі, арманы мен таңдары, шахталардың ыстық тынысымен өртеніп кетердей етіп әсерлендіреді. Көңілге дәт ұялатады. Һәм кеншінің жұмыр білегіндей күш-жігерді санаға сіңіреді. Ақын жырларында жанған көмірдің алауы іспетті кеншінің есіл еңбегі мен көкейіндегі талайға тілегі түлдейді.

Шахтер ақын

Жүмекен Нәжімеденов Һәм көмірлі де өмірлі Қарағанды. Бір-бірінен ажырағысыз ұлықты қос ұғым. Жүмекен жырдың жеруіғы, еңкеймей кірер Еңсегей ордасы – Қарағандының қайсар кеншілері, солардың жалын жүректері. Оқып көрелік.

Бұл өмірдің лапылдаған, Бар жалыны – лаваларда, Сол жалынға жер үстінде, Жалғыз теңеу табылар ма? – деп шамырқанады қайран Жүмекен. Еңбек әнұранын Жүмекенше жырлап кеткен Жүмекеннің өзі ғана!

Енді бірде: Қайла. Күрек. Көмір қара, көз қара, Мөлтілдер тек аппак тамшы сұт-шамдар.

Алақанын алдырыпты бозбала, Алқынды шал... ащы ауаны жұтпаңдар! – деп тебіренеді ақын.

Нәжімеденовтің Қарағанды туралы

өлеңдерінде қарапайым кеншілердің күнделікті өмірі, олардың еңбекке деген адалдығы мен қажыр-қайраты ерек көрініс тапқан. Ол Қарағандыны жай ғана өндірістік қала емес, нағыз еңбек пен ерліктің символы ретінде сипаттайды. Шайыр үшін Қарағанды – тек кара көмірдің астанасы ғана емес, ол адам жанының күші мен ерік-жігерін, тағдырдың тылсымын және өмірдің мәнін ашатын ерекше мекен.

Шайыр шығармаларында даланың тынысы сезіледі. Оның өлеңдері кеншінің катал еңбегімен үйлесетін еркіндік рухына толы. Бұл қайшылықта өмірдің өзі сияқты үміт пен көңілсіздікке толы жолдар пайда болады. Оның поэзиясында көмір тек жердің қатпарынан алынған тас емес, адамның күші мен ерік-жігерінің метафорасы. Осылайша жазушы мұрасы қастерлі Қарағандыда дәуірдің нышанын, күрес пен еңбектің, құрбандық пен жеңістің бітпес айнақасын айғақтайды. Кенші бейнетке толы сәттерінде тек шаң мен көмірлі гана емес, сонымен қатар, қапас пен алакеуім арасындағы жасырын қолқек арқылы өтетін жарықты да сыйлайды. Бұл жарық – үзім үміт символы, Жүмекен шығармаларының кейіпкерлері ұмтылатын болашақтың қаз тұрған нық қадамы.

Қалам қаңтары

«Әдебиет пен кеншілер астанасын қатар шендестіргеніңіз қалай болар?» деген рәуішті сауалыңыз кесе-көденең тұрарын аңдап тұрмыз, жоғары мәртебелі оқырман. Қарағанды – әдебиетте болсын, тіпті, қай салада болса да тарих толқынындағы асқаралы арман мен мұқалмас жігердің толтума ескерткіші. Иә, қате түсінбедіңіз. Елдің ескерткіш шаһары. Талайлы тарихы

сандаған қарама-қайшылықтарға толы болған болар. Бірақ, қарағанды тамырының түбіне шөккен кара алтыны қаракөз халқымыздың тағдырын өзгерте алған, жылма-жыл дәулеті мен сәулеті артқан, биыл торқалы 90 жылдығын салтанатты серпінімен өткеріп жатқан өмірлі өңір. Азабы мен ғажабы, тозағы мен арманы үйлескен таңғажайып талбесік. Қуаныш пен сенім қандай болса, келешегі де сондай сипатқа ие жеруіык.

Қалам ұшындағы Қарағанды – ғалам көзіндегі сөнбес сәуле! Көмірдің кеншімен, өңірдің өрісімен жер бетіне жол салған, Алаш жұртының салуалы кара алтын ордасы. Токсан тарам жолдарымен тоқсанға келген қарт абыздай айтары да бізден көп, байтағы да ақын жүрегінен кен. Ал, бұл ғажайып маңның тұрғыны атамекенін әлімасқан сүйеді. Жадынан бір сәтке де өшірмейді. Жаһан бедерінде Қарағанды тек бір жағрапиялық нүкте ғана емес, оттан қайта түлейтін фәниқұс! Рух келбеті. Ендеше маңдай-шаң еңселі, шаңырағым шашақты болғай қазыналы Қарағандым! Мерейің үстем болғай, мекенім менім!

Қадірменді кеншілер қауымы, Сіздердің жанкешті еңбектеріңіз – елдің экономикасына, болашағына қосқан баға жетпес үлес. Жер астындағы күрделі де қатерлі қызметтеріңізде күн сайын алға ұмтылып, республикамыздың дамуына ерекше күш-жігер жұмсап келесіздер. Төзім мен қажырлы қалыптарыңыз әрқашан зор құрметке лайық. Бұл мереке сіздердің табанды болмыстарыңыз бен сарқылмас күш-жігеріңіздің жемісін айғақтайды. Кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын, бүгінгі заманның қаһармандары!



Мектепті оңай таңда

Алдағы уақытта eGov.kz порталы арқылы ата-аналар мен заңды өкілдері баланы бір мектептен екінші мектепке оңайлай жүйе арқылы ауыстыра алады. Жалпы білім беретін ұйымды іздеу және таңдау жүйесі ата-ананың тіркеу орны негізінде шағын учаске бойынша оңтайландырылған.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ата-аналар мен заңды өкілдер мектепті тек шағын учаскеде ғана емес, сонымен қатар оның қалауына сәйкес келетін жағдайда оның шекарасынан тыс кез келген басқа жалпы білім беретін ұйымды таңдай алады. Сонымен қатар, жалпы білім беретін ұйымды таңдаған кезде пайдаланушыға таңдалған мектепте қолжетімді оқу тілі көрсетіледі. Жаңа процесс есептен шығару және бекіту талондарының, жеке істі тапсыру қажеттілігін жояды. Сондай-ақ, өтініш беруші мұндай қажеттілік туындаған жағдайда берілген өтінімді кері қайтарып ала алады, – делінген ҚР электрондық үкіметінің сайтында.

Алдымен, eGov.kz порталына кіру және «білім» бөліміне өтіп, тізімнен «орта білім» бөлімін таңдау қажет. «Балаларды мектептен мектепке ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» қызметін таңдап, қажетті жолдарды толтырып, ЭЦҚ көмегімен өтінімге қол қою қажет. Қызметтердің нәтижесімен жеке кабинет арқылы танысуға болады.

БРИФИНГ

Кеншілер өлкесі көркейеді

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бейсенбіде өткен брифингте облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы аймақтағы әлеуметтік маңызы бар нысандардың жайына тоқталды. Басқарма мамандарының сөзіне сүйенсек, биыл барлық қаржыландыру көздері есебінен 500 мың шаршы метр тұрғын үй салу жоспарда. Іске қосылатын тұрғын үйдің 80%-ға жуығы коммерциялық тұрғын үй болғандықтан инвестицияға тәуелді.

2-бет





Қоржынтүбек қайта түлейді

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Приозерск тұрғындарымен кезекті кездесу өткізді. «Достық» шығармашылық орталығындағы өткен басқосу бірден тапсырмалардан басталды. Сонымен қатар, тазалық, абаттандыру, жылыту маусымына дайындық және туризм мәселелері ортаға салынды.

Аймақ басшысы Приозерск көшелерінің күтімі мен тазалығын атап өтті.

– Ал, мына орталықтың салқындыту жүйесінде мәселе бар. Орталық жақсы және кең, бірақ, желдету жүйесі жұмыс істемейді. Бұл мәселені шешу керек. Қала әкіміне кондиционерлеу жүйесіне ЖСҚ әзірлеуді тапсырамын, қаражат бөлеміз. Қала дамып келеді, инфрақұрылым, әлеуметтік нысандар жөндеу үстінде. Алдағы жылы жаңа мектептің құрылысы жоспарланып, тағы бір балабақша салынабақ. Одан бөлек, Приозерск қаласы – үлкен туристік әлеуетке ие. Инженерлік коммуникациялар салынып, жеке инвестициялар тартылуда, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Қала тұрғындары «Алматы-Екатеринбург» тасжолында интернеттің және Приозерск қаласына бағыттайтын белгілердің жоқтығын айтып, шағымданды. Қазіргі уақытта жол жөнделіп жатыр. «ҚазАвтоЖол» ҰК Қарағанды филиалының басшысы Ерлан Жұмағұлов белгілерді асфальт төселгеннен кейін жыл соңына дейін орнатылатынын түсіндірді.

Облыс әкімі бұл жауапқа қанағаттанбай, қазір уақытша белгілерді орнатуды мұқият тапсырды.

Приозерск тұрғындары қала ішіндегі жолдардың шұңқырлы жөндеу жұмысының ұзаққа созылғанына алаңдап отырғандарын да жасырмады. Қала әкімі Мансұр Ахметов бұл мәселені мердігерлердің жұмысымен байланыстырды.

– Біріншісімен келісімшарт бұзылды. Енді басқа мердігер жолдарды жөндеуге кірісті. Бүгінде шұңқырларды жөндеу бойынша жоспарланған 1200 шаршы метр жолдың 750 шаршы метрі аяқталды. Жұмыс жалғасып жатыр. Жұмыс сапасын бақылауда



ұстаймыз, – деді Мансұр Ахметов.

Бұдан бөлек, кездесуде медицина қызметкерлерінің жетіспеушілігі мәселесі де көтерілді. Приозерск тұрғындары бұл қалаға келген мамандарға көтерме ақы төлеуді сұрады. Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бибігүл Төлегенова аталған мәселе мәслихат комиссиясының отырысына шығарылғанын айтты.

– Ол шешілген соң, дәрігерлер көтерме ақы алады. Біліктілікке байланысты 1,5-нан 8,5 млн теңгеге дейін төленеді, – деді Бибігүл Төлегенова.

Аймақ басшысы Приозерск әкіміне дәрігерлерді тұрғын үймен қамтамасыз етуді тапсырды. Балқашта өңірлік ауруханаға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Ол ең заманауи жабдықтармен жабдықталады. Мұнда Приозерск тұрғындарының жүгуіне де мүмкіндік жасалады.

Сондай-ақ, қала ішіндегі автобустардың жұмысына да тұрғындардың көңілі толмайды. Ермағанбет Бөлекпаев жолаушылар көлігі және автожол басқармасына жергілікті әкімдікке бұл мәселені шешуге көмектесуді тапсырды.

«Қала үшін автобустарды лизингке алуға болады, бірақ тарифті көтеру қажеттілігі туындауы мүмкін. Қазір жол жүру құны 50 теңге, бұл тасымалдаушының барлық шығындарын өтемейді» деп ескерту жасады облыс әкімі.



Кеншілер өлкесі көркейеді

(Соңы. Басы 1-бетте)

– 2024 жылдан Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі дайын тұрғын үй сатып алу арқылы халықтың әлеуметтік осал тобы санатындағы кезекте тұрғандарды жалға берілетін тұрғын үймен қамтамасыз етудің жаңа тетігін әзірледі. Сол тетікке байланысты жалға берілетін тұрғын үй құрылысының жобалары қаржыландырылмайды. Жалға берілетін тұрғын үй жеке құрылыс салушылардан сатып алынады. Әлеуметтік мақсаттағы тұрғын үй сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сай жайлылықтың III-IV сыныптарына сәйкес келуі тиіс. Тұрғын үйдің бір бірлігінің жалпы ауданы 80 шаршы метр шегінде болады. Рұқсат етілген ауытқуы 5 пайызға дейін, – деп атап өтті облыс әкімі Мансұр Ахметов. Алайша тұрғын үй құрылысы басқармасының бас-

шысы Мұрат Мағзин.

Бүгінгі таңда облыстың қалалары мен аудандарында жеке құрылыс салушылар тұрғын үй құрылысын белсенді жүргізілуде. Аудандарда 2, 4, 6, 12 пәтері тұрғын үйлер салынууда. Нысандар дайын болған кезде тұрғын үйді сатып алу мақсатында конкурстық рәсімдер өткізіледі. Ағымдағы жылдың шілдесі айында кезекте тұрғандар үшін 17 пәтер (Қарағанды қ. – 3 пәтер, Бұқар жырау ауданында – 2 пәтер, Шет ауданында – 12 пәтер) сатып алынды.

Был соңдай-ақ, несиелік тұрғын үй құрылысының 8 жобасын іске асыру жалғасуда. Несиелік тұрғын үйді сату кезектеріне салымдағы бастапқы жарна сомасы болған кезде Отбасы банкі арқылы жүзеге асырады.

Әлеуметтік маңызды бар объектілерді салу да назардан тыс қалмаған. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы облыс бойынша 90-ға жуық елді мекенді

қамтиды. Бүгінгі таңда 14 нысан пайдалануға берілді. 27 нысанның құрылысы жүргізілуде.

– Ауыл-аймақтарда денсаулық сақтау нысандарын салуда бөлек, облыстық нысан салу басым бағыттардың бірі. Был Қарағандыдағы бұрынғы балалар ауруханасының корпусын медициналық жатақханаға қайта жанарту аяқталды. 94 жас маман кызметтік тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Теміртау қаласының орталық ауруханасы үшін Бас ғимаратқа қосымша құрылыс жүргізілуде. Осындай жобаны Балқаш қаласында бастау жоспарлануда, нысанды іске қосу 2025 жылға жоспарланған, – деді Мұрат Мағзин.

Ал, білім беруге келсек, биыл Бұқар жырау ауданы Новостройка ауылында және Күнгей шағын ауданында мектепті пайдалануға беру жоспарланған. Осылайша Новостройкадағы апатты мектеп мәселесі толықтай шешілмеке.

Ал, Күнгейде мектеп алғаш есігін ашатын болады.

Басқарма биыл жаңа мектептер салудан басқа, қолданыстағы мектептерді қайта жабдықтауға баса назар аударды. Мәселен, мектептерді жаңғырту мақсатында 3 қосымша ғимаратты, 1 спортзалды (Нұра ауданы) пайдалануға беру және №1 мектепті (Осакаров ауданы) қайта жабдықтауды аяқтау жоспарланған. Сондай-ақ, Қарағандыдағы №50 мектеп ғимаратының құрылысын бастау да биылғы жоспарға енгізілген.

Был республика бойынша білім беру саласындағы инновациялық жоба Пришахтинск қаласындағы шығармашылықты дамытатын қосымша білім беру ғимараты пайдалануға берілді. Алдағы уақытта дәл осындай жоба Майқұдықта басталмақ. Оған қоса «Жайлы мектеп» аясында облыста 12 500 оқушыға арналған 18 мектеп салынады деп күтілуде.

Жетпістің бесеуіндегі велошабандоз



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ

Даңқты велошабандоз, ҚазКСР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Қарағанды облысының Құрметті азаматы Анатолий Степаненко мерейлі 75 жасқа толды. Облыс әкіміңінде спорт ардагерін мерейтойымен құттықтап, нығыз шапан жауып, құрмет көрсетті.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев Анатолий Степаненконың спортты дамытуға және насихаттауға қосқан зор үлесін атап өтіп, кеншілер өлкесінің тұрғындары атынан алғыс айтты.

– Сіздің арқаңызда біздің спортшылар қазақстандық спорттың мақтанышына айналды. Ал,

болып жұмыс істеп, облыстық дене шынықтыру және спорт комитетін абыроймен басқарды.

Анатолий Степаненкоға үзетін достары да жылы лебіздерін білдіріп, мерейлі жасымен құттықтады.

1994 жылы Александр Степаненко аймақтағы алғашқы «Олимпиадалық резерв» жеке спорт мектебі-клубының ди-



жаттықтырушылар жаңа чемпиондарды тәрбиелеп жатыр. Сіздің өмір жолыңыз, спорттағы мансабыңыз өте бай және үлгі-өнегеге толы. Чемпион, рекордшы, жаттықтырушы және көшбасшысыз. Сізге зор денсаулық, амандық және сарқылмас өмірлік қуат тілеймін, – деді облыс әкімі.

Анатолий Степаненко Қарағанды облысында бірінші болып, КСРО спорт шебері және велоспорттан халықаралық дәрежедегі спорт шебері атанған сандақ. 1970 жылы Әлем чемпионының жүлдегері. 1972 жылғы Олимпиада ойындарына қатысқан ҚазКСР-дың жалғыз веложарысшысы. 28 жасында «ҚазКСР еңбек сіңірген жаттықтырушысы» атағын алған. Спорттық мансабын аяқтағандан кейін жаттықтырушы

ректоры болды. Ол оқу орнын сақтап қана қоймай, оны жаңаша құрып, қайта түлетті. Ал, қазір зейнетке болса да, құн сайын жұмысқа асығады. Жұмыста оны күтеді, оған сенеді.

– Менің еңбегімді жоғары бағалағандарыңыз үшін көп рахмет. Елеп-ескеріп, арнайы қабылдап, құттықтап жатқан облыс басшылығына алғысым шексіз. Менің бүкіл өмірім спортпен байланысты. Мен арқашан алда болуға тырыстым. Бала кезімнен Қазақстан чемпионы болуды армандадым. Өз арманымды бірнеше рет орындаған адаммын. Жас буынға ақ жол тілеймін, – дейді мерейтой иесі.

Суретті түсірген Жаңгелді ӘБДІҒАЛЫМ

Құрылыс қарқынында кідіріс жоқ



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ

Бастауышта білім дұрыс беріліп, бала бойындағы білім-ғылымның негізі дұрыс қалған, бәсекеге қабілетті, ойы ұшқыр, қиялы жүрік болып өседі. Облыс аумағындағы «Жайлы мектептерді» салудағы басты мақсат – осы. Балқаш қаласы Қазыбек Нұржанов атындағы шағын ауданда 900 орындық жайлы мектептің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Бүгінде оқытушылар құрамы мен сыныптарды алдын-ала жасақтау жүріп жатыр.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қалаға жасаған жұмыс сапары барысында аталған білім нысанының құрылысын тексеріп, ғимаратты аралап көрді.

Аймақ басшысына жұмыстың кестеге сәйкес жүргізіліп жатқандығы, жұмыс күші мен техника-сәулет пішіндерін орнатуға арналған алаңдар дайындалуда.

Ғимараттың қаңқасы толығымен дайын болса, бастапқы әрлеу, терезе блоктарын орнату аяқталған. Қазір құрылысшылар шатыр орнатумен, ішкі әрлеумен айналысып жатыр. Инженерлік желілерді жүргізу жалғасуда.

Жаңа үш кабатты мектеп бастауыш және жоғары сынып оқушыларына арналған бөлек блоктардан тұрады.

Құрылыспен қатар жиһаз бен жабдықты сатып алу да жүріп жатыр.

Облыс әкімі аталған екі жоба да қала үшін маңызды және облысты дамыту жөніндегі стратегиялық бастамаларға кіретінін айрықша атап өтті.

Оларды іске асыру азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Облыс әкімі екі нысанның межеленген уақытында тапсырылуын қамтамасыз етуді және жұмыстардың сапасын мұқият бақылауды тапсырды.

Өз тілшімізден



Сурет облыс әкімінің кабинетінде

• ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫНДА

Қоғамдық құндылық құлдырағанын десек...

Облыстық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясы кезекті кеңейтілген отырысында қоғамдағы мәдениет деңгейін талқылады. Бір қарағанда тақырып қарапайым көрінуі мүмкін. Алайда, халық қалаулылары бұл салада да қордалған мәселелер бар екенін алға тартып, тұтас қоғамның мәдениеті төмендеп бара жатқанын жасырмай, оны көтеру үшін шаралар қабылдайтын кез келгенін баса айтты.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеңейтілген отырыстың күн тәртібінде бірқатар мәселелер қаралды. Басты тақырып – қоғамдағы мәдениет деңгейі, идеология, дүниетаным мәселелері және оларды өзгерту жолдары. Тұрақты комиссиясының төрағасы Қадриша Оспанова елде мәдени саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілгенін атап өтті.

– Қоғам мен мәдениет бір-бірімен тығыз байланысты. Мәдени элементтер қоғамның құндылықтарын, нормаларын қалыптастырады. Ал, қоғам әлеуметтік институттар арқылы мәдениеттің дамуына әсер етеді. Мәдениет сыни ойлауды қалыптастыруға, зияткерлік пен шығармашылықты дамытуға ықпал етеді, бұл қазіргі адамға қажетті шарт. Ол ғылым, өнер, медицина, технология сияқты әртүрлі салалардағы инновацияларды ынталандырады, бұл жалпы қоғамның алға жылжуы мен дамуына ықпал етеді. Алайда, бүгінгі таңда оның жұмыс істеу тетіктерін, ең алдымен, мәдениет саласындағы мамандар да, халық та жете түсінбейді. Бүгінде бұқаралық мәдениет қоғамның әлсіз буынына айналды. Мәдени шараларға қатысатындар аз. Неліктен? Бұрын бұқара арасында мәдениет идеологиясы болған. Бүгін осы мәселені талқылап, бағыт-бағдарымызды айқындап алуымыз керек, – деді Қадриша Оспанова.

Тәуелсіз сарапшы ретінде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қарағанды облысы бойынша филиалы директоры Серікжан Байбосынов өз ойын білдірді. Оның пайымдауынша, идеология базбіреулер айтып жүргендей жоқ емес, бар, тек оны жеткізу және түсіндіру жағы ақап тұр.

– Аймақтағы идеология, тұтас еліміздегі мемлекеттік басымдықтармен анықталады. Ұлттық бірлік пен бірегейлік, инновация мен модернизация, этносаралық және дінаралық келісімді идеология өзгеі деуге болады. Дүниетаным проблемалары консерватизм мен традиционализмге, жаһанданду қабылдау жағдайларына байланысты, – деді Серікжан Байбосынов.

Ол саладағы мәселелерді тарқата келе, білім беруді дамыту, мәдени жобалардың

мәнін арттыру, медиа мен қоғамдық бас-тамалар мүмкіндіктерін пайдалануды ұсынды.

Қарағанды қаласы медициналық орталығының психологы Ляйла Ахметова заманауи мәдениет ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты өзгеріп жатқанын тілге тиек етті. Оның айтуынша, гаджетке тәуелді адамдардың ойлануға, дүниені тануға, шешім қабылдауға уақыты жоқ. Маман осындай тәуелділікпен өсіп келе жатқан балалар «тәні де, жаны да әлсіз, зейіні мен ынтасы жоқ, қоғамнан оқшау оседі» дегенді айтты.

Дін істері жөніндегі басқармасының басшысы Жанболат Сектай жыл сайын оқу жылы қарсаңында мектепке орамал тағу дауының басталатынын айтты. Ол бұл мәселені шешуге тікелей әсер ететін заңның жогығын алға тартты.

– Осы мәселеге қатысты 9 сот болды, Конституциялық соттың шешімімен бәрін жеңіліп қалды. Бытыр бірнеше депутат осы мәселені көтерді, алайда, жетер жеріне жетпей қалды. Биыл да осы проблема қайталануы мүмкін. Бұл жерде, баланың психологиясы бұзылып жатқанын түсіндіріміз керек, – деді басқарма басшысы.

Қоғам мәдениетінің әлсіреуіне инфрақұрылымның болмауы да кері ықпалын тигізуде деп санайды облыстық мәслихат депутаты. Себебі олар жыл сайын өңірдің барлық қалалары мен аудандарын аралап, кітапхана, мәдениет үйлері мен ауылдық клубтардың мәселелерін зерделейді.

– Негізгі проблеманың бірі – тиісті инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, кей жерлерде тіпті жоқ немесе тозған, – дейді Қадриша Базарбайқызы. – Қазіргі таңда өңірлерде, әсіресе, ауылдық жерлерде мәдениет нысандарының тапшылығы сезіледі. Көптеген мәдени нысандар тұрғын үйлердің бірінші қабаттарында, бейімделген үй-жайларда орналасқан. Қоғамдық сананы жаңғырту міндеттерін ескере отырып, репертуарды қалыптастыру мен жаңартуда театр-концерт ұйымдарының енжарлығы байқалады. Еліміздегі театр-концерт ұйымдарының репертуарларында шетелдік авторлардың шығармалары бойынша қойылған қойылымдар басым. Бұл өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуге толық ықпал ете алмай отыр. Сала мамандарының еңбекқабасы

қазақстандықтардың орташа жалақысынан 2 есе аз. Оларды әлеуметтік қолдау төмен. Қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдай кадр тапшылығына алып келді.

Бұл пікірмен Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Ильдар Акимбаев келісіп отыр. Баяндама жасаған Ильдар Рахымұлы да саладағы өзекті мәселелерге тоқталды.

– Қазіргі уақытта заманауи концерт залы керек. «Шалқыма» концерт залы «Октябрь» кинотеатрының бейімделген ғимаратында орналасқан. Бейнелеу өнері музейі тұрғын үйдің бірінші қабатында екенін білесіздер. Кітапхана мен музей ғимараты да қажет. Бүгінгі таңда мәдениет және өнер ғимараттарының 80%-



ында жеке ғимарат жоқ. Тәуелсіздіктің 30 жылында облыста С.Сейфуллин атындағы академиялық театры, Нұра ауданында тарихи-өлкетану музейі ғана салынды. Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығы демеушілердің есебінен бой көтерді. Оңтүстік-Шығыс шағын ауданында бірде-бір мәдениет нысаны жоқ, – деп атап өтті баяндамашы.

Сонымен қатар, ол мәдениет нысандарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету деңгейі төмен екенін айтты. Концерттік костюмдер, музыкалық аспаптар, дыбыстық және жарықтандыру құралдары, жиһаздар да ескірген. Бұл пікірді облыстық мәслихат депутаты Меруеш Башай да қолдады.

– Мәдениет саласында мәселе көп, оның кенжелеп қалғаны рас, – деді депутат. – Жалақыны есептеу коэффициенті, аспаптарды пайдалану ережесін өзгерту сынды ұсыныстарды жазбама ұсынамын. Ал, отырыс тақырыбына қатысты, жалпы мәдениет қалыптастыру отбасынан баста-



лады дегім келеді. 14 жасқа дейінгі балаларға әлеуметтік желіні шектеу қажет деп ойлаймын. Желідегі комментарийден-ақ халықтың мәдениетін көруге болады. Оны шектемесек, мәдениет қана емес, ұлттың болашағына төнер қауіп зор.

Қадриша Базарбайқызы баяндамада аталған мәселелерді шешуде ұсыныстар талап етті.

– Алдағы уақытта келер жылдың бюджетін талқылап, бекітеміз. Сол кезде аталған проблемаларды шешу үшін «мынадай керек», «мынау қажет» деп нақты ұсыныс беріміз қажет. Меруеш Башай көтеріп жүрген концерттік зал мәселесі келесі жылы шешімін табуы тиіс. Айтылған басқа мәселелер бойынша ұсыныстар күтемін, – деді ол.

Сонымен қатар, жиында аймақта креативті хаб ашу мәселесі де талқыланды. Оның идеясын Орталық Азия тұрақты даму қоғамдық қорының Шығармашылық инновациялық институты директоры Ирина Харитонова, Стратегиялық коммуника-

циялар агенттігінің басшысы, ҚР Парламенті Мәжілісіндегі қоғамдық көмекші Шахзада Шогельбаева таныстырды.

– Осындай хабтарды еліміздің барлық өңірлерінде құру жоспарланған. Сондықтан, Қарағанды өңірі бұл салада алғашқылардың бірі болса, мәдениетті дамытуда пилоттық жобалар ұсынса, жақсы емес пе? – деді Қадриша Оспанова.

Отырыс барысында сөз алған облыстық ішкі саясат басқармасы басшысы Нұрлан Бикенов басқарма барлық идеологиялық міндеттерді жүзеге асыру мақсатында жағымды қоғамдық пікір қалыптастырумен айналысатынын атап өтті.

– Қазіргі кезеңде еліміздің идеологиялық тұғырнамасын Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысында өзінің бағдарламалық сөзінде тұжырымдады. Бұл идеологияның түбінде «Әділеттілік» қағидаты жатыр. Әділеттілік идеясы соңғы жылдардағы көптеген нақты мемлекеттік шешімдердің негізін қалады. Ол жаңа қоғамдық этиканы қалыптастыруға, отбасылық құндылықтарды, еңбекқорлық пен кәсібилікті нығайтуға, экологиялық мәдениетті, патриоттық рухты қалыптастыруға бағытталған, – деді Нұрлан Бикенов.

Жалпы, спикерлер де қазіргі қоғамдағы мәдениет деңгейін сарапшылардың басым бөлігі сипаттағандай, «дағдарыс» кезеңінде тұрғанын атап өтті. Мұндай жағдайда төл мәдениетіміздің негізгі мәселелеріне баса назар аударуға әсер ететін мәдени саясат әдістерінің жүйесін әзірлеу ерекше өзекті бола түседі.

Депутаттардың пікірінше, бәсекеге қабілетті заманауи өнерді дамыту және қоғамның мәдени санасын арттыру үшін шығармашылық хаб ашу мүмкіндігін қарастыру керек. Ол дарынды және зиялы жастарға қолдау көрсетіп, оларға тәлімгерлік етуге жағдай жасайды. Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына қалалар мен аудандардың әкімдіктерімен және мәслихаттарымен бірлесе отырып, бұқаралық мәдениетті дамыту және халықты облыстың мәдени өміріне белсенді тарту бойынша жұмысты күшейту жоспарын әзірлеу ұсынылды. Білім басқармасы ішкі саясат басқармасымен және жастар саясаты мәселелері басқармасымен бірлесе отырып, мектеп оқушыларымен және жастармен адамгершілік-рухани құндылықтарды, патриотизмді қалыптастыру бойынша жұмысты күшейтуі қажеттігі айтылды.

Кеңейтілген отырыс барысында облыстық мәслихаттың алдыңғы жылдардағы шешіміне өзгерістер енгізу туралы ұсыныстарды жиналғандар бірауыздан қабылдады.

• ӘЛЕУМЕТ

Қалдықты қайта өңдеу – уақыт талабы

Қазақстанда тұрмыстық қалдықтың 1 млн тоннасы ғана қайта өңделді. Үкімет қалдықтарды басқару жобаларын қаржыландырудың жеңілдетілген тетігін бекіткеннен кейін, брусчатка, люк, қоқыс контейнерлері, шыны ыдыстар, стрейч пленкалар, көлік бамперлері сияқты халықтың басқа да тұтыну тауарларын шығаратынын болды. Осы орайда облыстық мәслихат депутаттары Теміртаудағы тұрмыстық қалдықтарды жинап, сұрыптаудың және көдеге жаратудың ұтымды және экологиялық қауіпсіз жайын талқылады. Сондай-ақ, қаладағы қоқыс шығаратын ірі полигон «Гордорсервис-Т» ЖШС жұмысымен танысты.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жиында облыстың экология басқармасының мамандары және қалдықтарды басқару мәселелерімен айналысатын ұйымдардың өкілдері ұсыныстарын ортаға салды.

– Шілде айынан бастап депутаттармен және мемлекеттік органдармен бірлесіп қалдықтарды жинау және экологиялық қауіпсіз жүйесін қамтамасыз ету мәселесін зерделеуде дайындық жұмыстары жүргізілуде. Облыстың қалалары мен аудандарының тәжірибесін зерделейтін жұмыс топтары құрылды. Көшпелі кездесулер өткізілді. Ағымдағы жағдайды талдай отырып, қалдықтарды басқару жүйесін жақсарту бойынша шараларды анықтау керек, – деді Теміртау қаласы әкімінің орынбасары Ринат Қыдырбеков.

Жалпы бүгінгі таңда Теміртауда 1 167 көпқабатты үй болғандықтан, оның 911-і контейнерлік алаңдарды пайдаланады. Қалада барлығы 330 алаң және қоқыс шығаратын 249 үй бар. Қоқыс шығару бойынша «777» ЖШС, «Гордорсервис-Т» ЖШС және «ТТК» ЖШС ұйымдары жұмыс істейді.

Алайда, бүгінде Теміртаудағы қоқыс шығаратын ірі полигон «Гордорсервис-Т» ЖШС-не «өз аяғымен келетін» қоқыстар көлемі азайған. Оның үстіне жеке компа-

ниялар тұрғын үйлердің маңына өздерінің қоқыс контейнерлерін қойып, картон, пластик секілді өнімдерді жеке-жеке жинап әкететін болған. Осы орайда Теміртау қаласы бойынша тұрмыстық қалдықтарды жинап, сұрыптап, көдеге жара-



татын «Гордорсервис-Т» ЖШС директоры Шәкір Нұрлыбаев сөз алды.

– «Гордорсервис-Т» ЖШС 14 техникамен 32 қызметкер қаланың орталық және батыс аудандарында жұмыс істейді. 2021 жылы «Гордорсервис-Т» ЖШС «Даму» АҚ қорынан 72,7 млн теңгеге екі қоқыс тасғыншы, биыл 49,1 млн теңгеге тағы бір қоқыс тасғыншы сатып алды.

Дегенмен, қазіргі таңда қоқыс жәшіктері мен контейнерлер тек қалдықтарды сақтауға арналған. Ал, ірі көлемдегі қоқыс пен құрылыс материалдарының қалдықтарын полигонға көпқабатты үйлердің тұрғындары, жеке сектор тұрғындары, тұрғын үйлердің жанында орналасқан дүкен иелері апаруы керек. Күн сайын контейнерлік алаңдардың жағдайын бақылаған кезде біз габаритті емес қалдықтардың шығуын байқаймыз. Бұл әрекеттер үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылғанын ескертеміз. Бұл орайда қала бойынша 500-ге жуық камера орнатылған, – деді «Гордорсервис-Т» ЖШС директоры Шәкір Нұрлыбаев.

Шәкір Нұрлыбаевтың айтуынша, полигондағылар қазіргі таңда шикізатты өңдеп, сағады. Шикізатты Петропавл мен Қөкшетауға жібереді. Осылайша компания өз күнін өзі көреді. Дегенмен, шикізат тасымалдап, сатуға тұрақты баға жоқ. Жыл өткен сайын баға түсіп келеді. Қоқысты өңдеудің барлық кезеңінде онымен айналысатын көптеген компаниялар бизнеспен жеке-жеке айналысады. Жүйелі жұмыс жоқ болғандықтан, баға да құбылып тұрады.

– Бүгінде қоқыстың сан алуан түріне арналған контейнерлер көп. Қағаз, пластик, тамақ қалдықтары мен шығыға арналғандары да бар. Қоқысты таситын, қайта өңдейтін және көдеге жарататын компаниялардың басы бірігуі керек. Сонда жұмыс жүйелі жүреді.

Қазіргі таңда қалта тұрмыстық қалдықтарға қатысты Қарағанды облысында жұмыс істеуге қызғышлық таптыратын республикалық компаниялар көп. Аймақта қоқысты тасып, оны шикізат көзіне айналдыруға мүмкіндік көп, – деді облыстық мәслихат депутаты Сейфул-Мәлік Қазитов.

Жиыннан кейін «Гордорсервис-Т» ЖШС директоры Шәкір Нұрлыбаев депутаттарды полигон жұмысымен таныстырды.

Байқағанымыздай «Гордорсервис-Т» ЖШС полигоны қаланың шетінде орналасқан. Компания қоқысты жинап, оны бастапқы қайта өңдеумен айналысады. Қоқыстан «шикізат» дайындау үшін оны елдегі қоқыс өңдеуші зауыттарға жібереді. Қатырма қағаз, полиэтилен, пластик шөлмектер, канистралар, алюминий банкаларды сұрыптайды. Жұмысшылардың бір тобы қоқысты әкетсе, енді бір тобы оны тазалап, басқалары сығымдайды.

Бүгінгі таңда Теміртау қаласында «Гордорсервис-Т» ЖШС-мен қатар қоқыс шығаратын «ТТК» ЖШС компаниясы жұмыс істейді. «ТТК» ЖШС оң жағалаудағы аудандарға жауап береді. Компанияда 6 бірлік техника мен 12 қызметкер бар. Компания 2014 жылы сұрыптау-қайта өңдеу цехына жіберілген қалдықтарды бөлек жинауға арналған 400 контейнер орнатқан. Ал, «777» ЖШС ұйымы қаланың шығыс бөлігіне қызмет көрсетумен қатар 7 бірлік техника мен 30 қызметкерді жұмыспен қамтып отыр.

Депутаттардың облыстың қала аудандарындағы жұмыстары жалғасады. Көшпелі кездесулер барысындағы атқарылатын жұмыстар кестесі аясында күн тәртібіндегі мәселелер кеңінен талқыланып, шешімін табады.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО



• ТАҒЫМ

Тамырға оралу немесе бір кеншінің кенен кейпі

Кеншінің алағай-бұлағай тағдырын толғар болсақ, жұмыр жүрегі мізбақпас қапас қараңғылық пен жалқынсары жарық, үміт пен күдік деп қатар соғатын бөгенайы бөлек адам нақында тебіренсе болар. Жеті кез жерасты шыңырауынан шыңдалған ерен-ғайып еңбек баһадүрлері қазыналы Қарағандының қабат-қабат қара алтынын күн бетіне шығару үшін ғана шахта табалдырығын именбей аттайды. Біз саналы ғұмырын кенші болып өткерген таңғажайып тағдырға тоқталғалы тұрмыз...

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бастау

Оның есім-соңы – Төлеу Ахметов. 1928 жылы 20 қазанда Солтүстік Қазақстан облысындағы Сасықкөл көлінің жағасында орналасқан Келімет ауылында Атығай руынан шыққан дәулетті отбасында дүниеге келген. Енді ол уақыттағы отызыншы жылдардың қилы кезеңін қос көзіңізге елестетіп те қажеті шамалы болар. Сол бір қасіретті жылдары қолдан жасалған ұжымдастыру мен репрессия нәтижесінде Төлеу жастайынан ет жақындарынан тірідей айырылды. Жаратқан жарыққады ма екен, әйтеуір, естияр жасөспірім кезінде бала Төлеу төтесі, әулетті келіні Бикен Оспанованың тәрбиесінде аңсыраған қырандай қолданып жетіле түсті. Бұл арада екінші дүниежүзілік соғыс басталып, жаһан дүрлігістер мен сүрлігістерге есін жия алмай жатқан-тын. Қазыналы Қарағандының қасиетті топырағы тартты ма екен, дәл сол уақтқа күш-қайраты жалынды бозбала Төлеу еңбек армиясына жұмылдырылып, сол кездегі көмір өнеркәсібі халық комиссариатының «Қарағандыкөмір» тресттерінің кәсіпорындарына кенші болып еңбек етуге нұсқама алды. 1948-1949 жылдары ол кеншігі шаһардағы №66 фабрика-зауыттық оқыту мектебінде арнаулы оқудан өтті.

Шахтер аға келді...

1949 жылы Төлеу «Молотовголь» трестінің №50/52 шахтасында үйінді жөнелтуші лауазымында жұмыс істей бастады. Ал, 1950 жылы «Ленинголь» трестінің Жданов атындағы №20 шахтасына ауыстырылды. Сол жылдың сәуір айынан бастап, Қарағанды қаласының №38 шахтасында әртүрлі учаскелерде, соның ішінде, орманшы, үңгір, үйінді тиеуші және комбайнер көмекшісі лауазымдарында жемісті жұмыс істеді.

Иә, ол жылдарда кенші болу тамұқтың босағасында жүрумен пара-пар десек, жарасар. Өйткені, мұнда қайыспас қара нар ғана аман шығып, абыройға бөленетін еді. Бір аралықтарда туған жеріне барып, ондағы ағайын-туысымен қауышатын еді. Сонда алыстан қарауытқан сұлбаны жазбай таныған ауыл балалары «Әне, қараңыздар, шахтер аға келе жатыр!» деп шұқырай жамырасатын. Барлығына барлық үлестіретін ендігі аға Төлеу көңіл түпкіріндегі сартап сағынышын осылай басытын. Расы керек, небәрі 15 жасында жанкыярлық еңбекпен басталған ұлы жол табандаған қалпы 45 жыл жер астындағы қым-қуыт тірнекті тіршілікке ұласа берді.

Ал, ел ағасының отбасылық өмірі өлмес өнегеге толы. Жан жары Зура Ажаханқызы қарақөз еліміздің бірінші буындағы стенография маманы болған. Екеуі төрт бала тәрбиеледі. Зура әжеміз еңбек жолын Қарағанды қаласындағы теле-радио кешенінде бастады. Көрнекті

жазушылар шығармаларының жалғанның жарығын көруіне қосқан үлесі мол. Сөзге шебер, дарынды Зура өрнекті өмірін отбасының ұйытқысы болып, кенші ағаның ғибратты жолына арнады десек, жарасар. Анамыз да заманында еңбек-қарекеті үшін бірнеше рет Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттармен марапатталды.

Ерліктің асқақ жырындай...

Тереңдеген туннельдің тасырлаған дүсірінің тап қасында ежелгі аңыздардың кейіпкерлері сияқты олар жер қойнауына анасының құшағына енген сәбидей әр қадамын сенім мен риясыздыққа толтыра аттайды. Балкім, кеншінің әр күні, әр мезеті таудай ауыр қараңғылық пен үрдекек үнсіздікпен ғұмыр бойғы бітіспес шайқас, қайла мен күректен шашыраған шым мен штрек сіңген жұмбақ қабырғалар көлеңкесімен астасып кете барады. Задында, шахтер халқы түнекті жарыққа айналдыратын, жер астындағы батпандаған есіл еңбекті жүз үстіндегі ганибетке айналды-



кавалері атанды. Төлеу Ахметов Калинин атындағы №9 шахтада «Абай көмір» трестінде 20 жылдан астам жұмыс істеді. Осы жылдар ішінде ол өзінің бай тәжірибесімен жас кеншілерге де тәлімгер бола отырып, бөлісті. 1988 жылы ол зейнетке шықты. Осындай тау тұлғалы жандарға перзент көзімен әнтек қарағаныңызда, оларға асқар-асқар тауларға бет түзгендей басыңызды сол иіп, тәжім етіп, «Мың алғыс!» дегіңіз келетіндей.



ратын алхимиктер ме дерсіз енді бірде. Кеншілер – тереннен Жарық алып, ауыр еңбекті барлығына жаркылға айналдыратындыр. Кеншіге бұйырыған данк пен марапат бұл әрбір көмір үгіндісіне жазылған ерліктің асқақ жырындай.

Әлбетте, еселі еңбек ешқашан елесіз қалмайды. Елдің атын ер шығарса, ер есімін елі де ұмытпайды. Соғыспен қат-қабат өрбіген еңбегі еленіп, Төлеу Ахметов 1947 жылы «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталып, одан әрі еңбек майданына қатысушы ретінде «Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 30 жылдығы» төсбелгісін өңіріне тақты. Іле-шала 1984 жылы ол «Құрметті шахтер», «Еңбек ардагері» атағын еншіледі. Бұл – көмір өнеркәсібіндегі ең жоғары ведомстволық марапат. Ол өзінің көпжылдық еңбегі үшін I, II және III дәрежелі «Кеншілер даңқы» белгісінің

Әулеттің әулиесіндей

Әсілі, бақытты әке болу екінің бірі, егіздің сынарының қос қолынан келе бермесі де шындық. Төлеу Ахметов отбасында әрі әке, әрі дос, әрі тәлімгер бола білген екен. «Бала кезімізде саябақта серуендеуге немесе ас үй үстелінде шахмат ойнауға жиі бірге уақыт өткізіміз есімде» деп тебіренеді қызы Қалияш.

– Ол ерте тұруды әдет етті. Әр таң оның еміреніп, ұйқы құшағындағы бізді иіскеп, жаңа қайнатылған кофе мен шайдың сиқырлы иісінен басталатын. Ол әр таңын осылай таңғажайып ететін. Әкем айтқанын сөзсіз орындайтын. Өзгелерге қамқор болатын қасиеті маңайындағы жұртшылықты өзіне бірден баурап әкелетін. Жүрегі алтын, абзал жан еді. Менің сабақ дәптеріме дейін қадағалап, әкелі мейірім тәрбиесін сіңірді. Өмірден өткенінде 31 жаста едім. Есеңгіреп қалдым. Үйдегі жиһаз біткеннің көбін әкешім өз

қолымен жасады. Біз әкем барда шын бақытты едік! – дейді Қалияш Төлеуқызы.

– Рас, келін деген атым ғана болғанымен, атамның өз қызындай еркелеп жүретін едім. Осындай ордалы әулетке келін болғанымша шек күмәнсіз бақыттымын деп ойлаймын. Рас, жұмысында да, аймағына да ерекше сыйлы болған кеңпейілді ағамыз ағайын-туысының есінде де алабөтен ақкөңіл қалпында қалыпты. Атам өмірдегі ұстазым және тәлімгерім болды. Ол маған қиындықтардан қорықпауға, әрқашан ізгілік пен жақсылыққа ұмтылуға үйретті. Оның өміршең кеңестері маған ең қиын сәттерде көмектесті. Отбасы мүшелеріне деген селкеусіз сезім-сенім бізді әлі күнге дейін үнсіз тәрбиелеп келетіндей. Қызық. Атам қарапайым нәрселердің өзінен көл-көсір қуаныш таба білді, бара-бара, келе-келе мен де осы бір риясыз қалыбының жүр-нақ-жұқанасын иемденіп алғандаймын. Асқар тау әкеміз ғұмырымызда өшпес із қалдырып кетті, – деп толғанады келіні Ханым Жұмабайқызы.

Тағылым таразысында

Саналы ғұмырында Толағайдай тау өңгеріп, төбесі төрден түспеген Төлеу Ахметов 1989 жылы 25 ақпанда Қарағанды қаласында қайтыс болды. Оның әзір ғұмыры өндірісті өңірдің тау-кен тарихында өшпес із қалдырып, болашақ ұрпақ үшін асқан еңбекқорлықтың өзгеге үлгісі болып айшықталды. Осы бір ғибратты ғұмырнама түп тамырына деген алдықтың, табандылық пен жанкыярлықтың бірегей мысалындай. Қарағандының жетелі жетістіктері әрқайсымыздың өткеніміз бен бүгінгімізді парықтап, әсте ұмытпаудың және батыр бабаларымыздың қиян-кескі қиындықтарын жеңу үшін сарқылмас күш пен шалқар шабыт табудың өзектілігін өзегімізге қайта қондырғандай еске салумен болады. Өзекті жаңа өнеге қонған соң олар да, біздер де, сіздер де осы бір үзік тарих жұрнағын есте тұтқайсыздар...

P.S.:

– Асқар тауға теңесерлік сәулелі әулетіміздің шежіре-тарихын жинақтаған Төлеу баласы Серік, немересі Марат. Шынтауында, ұлым Марат атасының ғұмырбаянын тіріктеп жиын жүрген болатын. Сондай бір шактың бірінде өзі еңбек еткен шахтаның мұражайына барған көрінеді. Ондағы Құрмет тақтасында жалаң ғана аты-жөні жазылыпты. «Бұл қалай?! Атамның өрнекті өмірі тек мұзсыз тақтасында есімі мен сойы ойылып бәдізделу үшін ғана сарп етілмеген болар?» деген қарсы сауал туындайды көкірегіңде. Содан сонау Мәскеу, Алматы, Қызылжар, Қарағанды шаһарларынан қажетті мағлұматтарды жинап, жинақтайды. Мұның арғы жағында не қылаңғытады дергіс сұраулы жүзбен. Мұның арғы жағында елінің көсегесін көгертіп өткен ердің найзағайдай жалт еткен Намысы көмкерілгені. Жалған нұмыс емес. Қайталап айтайық, найзағай намыс! – дейді толғанып келіні Ханым Жұмабайқызы.

Суреттер кейіпкердің жеке мұрағатынан

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Көрмедегі өмір

Қарағанды – кеншілер астанасы, мұндағы негізгі кәсіп – «қара алтын» өндіру. Кеншілер өздерінің ерен еңбегі, батылдығымен біздің әрқайсымыздың шаңырағымызға жылу береді. Кейде өмірін де қияды.



Жер астындағы тар соқпақтармен, шаң-тозанды жұта жүріп, кеншілер тұтас қалаға, ел үшін қажетті көмірді өндіреді.

Кенші мамандығының тарихы сан гасырлардан бастау алады. Олар экономика мен өнеркәсіпке орасан зор үлес қосады. Қауіп пен қатерге қарамастан, тәуекелге барып, өздерінің батылдығы мен кәсібилігін сақтайды.

Кеншілер күніне орай Абай атындағы балалар кітапханасы жас оқырмандарға ерекше тарту әзірледі. «Кеншінің абыройлы еңбегі» авторлық көрме-инсталляциясы жастарға ғана емес, үлкендерге де қызық. Көрме мәліметтерге толы. Балалар шахтаны өз көздерімен көргендей әсер алады. Кішкентай кеншілер ауылының өз шаруашылығы бар, құрылыс жүріп жатыр, адамдар саябақта серуендеп жүр.

Ал, шахтада жұмыс қызып жатыр, көмір өндіріліп, пойызбен жөнелтіледі. Мұнда кеншілердің Құрмет тақтасы да бар.

Оны жасаған Қарағандыға белгілі миниатюра шебері Валерий Роголев.

Көрме көздің жауын алады, шынайылығымен баурайды. Өзінді сол ауылда жүргендей сезінесің. Балаларға қатты ұнап жатыр.

– Мен бұл көрмеден көп нәрсе алдым. Кеншілердің өмірі қызығы мен қиындығы мол екенін кітаптан оқығанмын. Интернеттен олар туралы бейнежазбаларды да көріп тұрамын. Олар жердің астына тереңге түсіп жұмыс істейді. Көмір қазады. Сол көмірмен барлығымыз үйімізді жылытып, қыстан аман шығамыз. Мен көрмеге қарап, кеншілерді бұрынғыдан да қатты жақсы көріп кеттім, – дейді кішкентай оқырман.

Марина ПОДГАЙНОВА,
Абай атындағы облыстық балалар кітапханасының бөлім меңгерушісі

Сурет ұжымдастырушылардан

• КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

Осы жұрт рекордшыны біле ме екен?

Қарағандының даққын дүйім дүниеге паш еткен кенші еңбегі ешқашан елдің есінен шықпақ емес. Сондықтан да, көз алдымызға Қарағанды дегенде, көмір, көмір дегенде кенші келеді. Кенші мен көмір қалай егіз ұғымға айналса, Қарағанды мен кенші де сондай біртұтас. Бұл күнде Қарағандыда мыңдаған кенші кенжазда маңдай терін шелектеп төгіп жүр.

Мәселен, ERG құрамына кіретін «Шұбаркөл көмір» АҚ-қа үш мыңға жуық кенші бар. Қауіп-қатермен бетпе-бет келіп, шыңырауда шыңдалып, ел экономикасына орасан үлес қосқан оларды батыр демесе кімнің дәті барады?!

Жеті қат жер астына түсіп, қазба байлықпен ел қазынасын толтырған бұл жандар қайтпас қайсар хәм жүрек жұтқандар. Сондай кеншінің бірі – «Шұбаркөл көмір» компаниясында 2011 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан экскаваторшы Сетай Баймағамбетов.

Сетай Баймағамбетов өз саласында жоғары талап пен кәсібиліктің символы әйнеді. 2024 жылдың маусымында оның басшылығымен, Фархат Ботаев, Әсет Кәрімов және Мейрам Құрманбаев

бір командада Hitachi EX-1900 экскаваторларының өнімділігі бойынша жаңа рекорд орнатылды. 390 849 текше метр немесе 859 867 тонна кең өндірілді. Бұл – ERG тобының тарихындағы EX-1900 экскаваторлары үшін жаңа абсолютті рекорд.

– Біз рекорд орнатуға тырысқан жоқпыз. Біздің жетістігіміз – ұжымдық жұмыстың нәтижесі. Біз үшін ең бастысы – жоспардың орындалуы емес, жұмыс орнындағы қауіпсіздік. Біздің ұжымда әрқайсысы өз кәсібін мақтан ететін жауапты адамдар еңбек етеді, – дейді ол.

ERG құрамына кіретін «Шұбаркөл көмір» АҚ 1983 жылы құрылғаннан бері өзін Қазақстанның тау-кен өнеркәсібінің көшбасшысы ретінде танытты. «Шұбаркөл көмір» АҚ 40 жылдық тарихында



200 миллион тоннадан астам көмір өндірілді. Компания сатылатын көмір, орташа температурадағы кокс, кокс шайыры,

кокс майы, белсендірілген көмір және гуматтар сияқты өнімдердің кең ауқымын шығарады.

Ал, осы өндірісте еңбек ететін Сетай Баймағамбетов пен оның әріптестері табысқа жоғары кәсібилік, ұжымшылық және заманауи техникалық құрал-жабдықтар арқылы жететінін көрсетті. Күнделікті өмірде Сетай отбасының сенімді тірегі. Көптеген кеншілер сияқты Сетай үшін де ең бастысы – денсаулық, қауіпсіздік және әр ауысымнан кейін үйге оралу.

Кеншілер күні біз баршамызды еңбегімен, адалдығымен тәнті ететін Сетай Баймағамбетов сияқты кеншілерді мақтан тұтамыз. Біз Сетайды және «Шұбаркөл көмір» АҚ-ның бүкіл ұжымын жоғары жетістіктерімен құттықтаймыз. Алдағы уақытта табыс пен жаңа рекордтар тілейміз. Сетайдың жұмысы мен мінсіздікке деген адалдығы баршаға үлгі болары хақ.

Кеншілер күні құтты болсын!

Сания ШАЙКЕН

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

• ТҰЛҒА ТАҒДЫРЫ

Аққан жұлдыз

Жоғарғы Кеңеске үш дүркін депутат болып сайланған талантты кен инженері Шаймаған Серіковтің есімі ескеруісіз қалып барады.

Шаймаған Серіковтің есімімен Қарағанды облысының алғаш энциклопедиясын шығарған жұмыс тобының мүшесі ретінде 1984-85 жылдардан жақсы танысып. Түрлі азаматтар, тарихшы ғалымдар үш рет қатарынан Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, трест басқарушысы болған деп ұсыныстарын айтып, кітапқа енгізуді өтінген. Алайда, партиялық принцип, алдын ала жасалып қойған критерий бойынша ол жолы сәтті түспеді. Кеңестік «демократияның» бір көрінісі ретінде, тіпті, Жоғарғы Кеңес депутаттығына сол кезде қазіргідей кәсіби парламентарий емес, қарапайым еңбек адамдары көптен сайланатын. Мысалы, 1-шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне 1938 жылы 26 маусымда сайланған 300 депутаттың арасынан 112-сі жұмысшы, 116-сы колхозшы болыпты. Енді келіп, оларды кітапқа енгізуге шектеу қойылған. Тәуелсіздік алып, өз қолымыз өз аузымызға жеткен уақытта, критерийді толықтырып, энциклопедияның кейінгі 2006-2008 жылдардағы басылымдарына белгілі депутаттарды, басқа да еңбек сандақтарын, соның ішінде Шаймағанды енгізе алдық.

Дегенмен, ертерек қайтыс болып кеткендіктен бе, әлде соңынан қуатын жанашыр адамдар болмағандықтан ба, Шаймағандай алғыр азаматтың есімі көмескіленіп, ұмытылып кетті. Обалы нешік, осы басылым, «Орталық Қазақстан» газеті қасырлар тоғысында «Шаймаған деген шахтер ағамыз болған еді» (21.08.1999 ж. және қайтадан осы тақырыппен жаңғырық ретінде 30.06.2001 ж.) деген екі мақаламен есімі ескеруісіз қалып барады деп дабыл қаққан еді (мақалалар авторы белгілі журналист Серікбай Алпысов). Екеуіне де мұрындық болған мазасыз зейнеткер-ұстаз, жерлесі Нығмет Төлеуатаев деген азамат. Шаймаған туралы академик Әбілқас Сағынов та өзінің 1996 жылы жарық көрген естелік кітабында жылы лебіз білдіріпті.

Мұнымен қатар, Нығмет ақсақал қорға да қоймай жүріп, атағы дардай академик Ә. Сағынов пен оның үзгендік әріптестері: Мемлекеттік сыйлық лауреаты П. Матонин, ардагер кен инженері В.Скляпчуктердің қолын жинап, 2001 жылдың 2 наурызында облыстық ардагерлер кеңесіне Ш.Серіковтің есімін мәңгі есте қалдыру жөнінде ұсыныс түсіреді, ардагерлер кеңесі ұсынысты мақұлдап, 12 наурызда қала әкіміне қатына хат жолдайды. Сондай-ақ, сол кезде «Испат-Кармет» АҚ Көмір департаменті атқарушы директорының орынбасары А.Рыскуловқа жолығып, ол басынның іргетасын қаласқан, забойшыдан трест басқарушысына дейін көтерілген адамға қолдау білдіріп, 13 наурызда қала әкімі Корней Из-ақ пен қалалық мәслихат атғына хат жолдайды. Бастапқыда бастарын ізеп қарсы алған шенеуніктерден бірте-бірте мүлде хабар болмай кетеді. Содан жаңағы екінші мақала дүниеге келді. «Әлібетте, ақылға қонбайтынды, немесе аса мол қаражат қажет болатындай ұсыныс-талаптар қойылған жоқ. Бүгінгі гүл жайнаған Қарағандының жарқын болашағына көп еңбегі сіңген адамға тым құрығанда осынау үлкен қаланың бір көшесінің аты бұйырса ғой деген ғана қарапайым тілек болды», – деп қызыла жазды әріптесіміз.

Нығмет ақсақал енді Шаймағандай есіл ердің өмірі мен қызметін газет-журналдарда насихаттауға кіріседі. Жоғарыда айтылғандай, энциклопедияның жұмыс тобына материал тауып берді, оның 2008 жылғы орыс тіліндегі басылымына фотосуреті де орналастырылды. Бір қызығы, кітап-та оның суреті мен орнына «Лениншіл» трестінің басқарушысы болып келген қазақтың тағы бір талантты тау-кен инженері Файзолла Сергазиннің портреттері қатар тұр. «Азия-Транзит» журналына (№12, 2005 жыл) «Үшінші көмір ошағының шамшырағы» деген мақаласы шықты, оны сөз өңдеп, біз «Орталық Қазақстан» газетіне 2006 жылы 7 қаңтарда жариялады. Мақаласында Майкұдықтағы бір кәсіптік-техникалық училищеге Ш. Серіковтің атын беру жөні-

де мәселе қойылды, енді көше де беріліп қалар деп қуана хабарлап, үміттенеді. Бірақ, кеңестік кезеңнен белең алып келе жатқан бюрократияның мұзтауын, қалың сеңін бұзып-жару мүмкін болмады. Сондықтан, кейбір азаматтардың ұсынысы бойынша редакцияның тапсырмасымен биылғы Шахтер күні мерекесіне орай Шаймағандай өр шахтердің өмір жолы туралы әңгіме құрудың реті келді. Өмір жолын нақтылап, ресми құжаттарға жүгіну қажет болды.

Облыстық мемлекеттік архив қорында Шаймаған Серіков туралы құжаттардың екі тігіндісі сақталған екен. Алғашқысы Ұлы Отан соғысы басталып кетіп, Өнеркәсіп академиясынан елге оралған кезде, яғни, 1941 жылдың 12 тамызында, екіншісі Жоғарғы Кеңеске 3 мәрте депутат болып сайланғаннан кейін 1951 жылдың 28 сәуірінде толтырылған (2-ші шақырылған Жоғарғы Кеңеске 1947 жылы сайланған). Депутаттыққа кандидат болған кезде газеттерде өмірбаяны басылып тұрды. Бірақ марқұм Серікбай Алпысов әріптесіміз айтқандай, «бір кездегі мемлекеттік-рәсми тілде» жазылған мұндай өмірбаян, мақалалар бір сарынды еді. Атқарған жұмысы, оқыған оқуы, жоспарды асыра орындағаны туралы цифрлар келтіріледі. Тіпті, қол астындағы қызметкерге «Қарағандыкөмір» комбинатының бастығы, Социалистік Еңбек Ері В.Шибасевтың берген мінзедемесі де жұтаңдау.

Өз қолымен орыс тілінде жазған өмірбаянында Шаймаған 1909 жылы Қарқаралы ауданының №17 ауылы, қазіргі Бесоба ауылдық кеңесі жерінде туған деп жазған екен. Әріптес журналистер, осы ауылдың тумалары Гулнар Бұхарбаева мен белгілі ақын, қаламгер Қайрат Асқаровтан сұрастыра келе бұл ауылдың негізінде «Жаңа ауыл» деген колхоз болғанын, кейін «Бесоба» совхозының Қызыл ту бөлімшесі атанғанын білдік. Содан жас Шаймаған 1928 жылға дейін мектепте оқып, шаруашылыққа көмектескен, ал 1928 жылы құрылыста балташы болып екі жыл жұмыс істеген. Жақын туыстарынан әкесі, «Жаңа ауыл» колхозының мүшесі деп әкесі Серік Ұлтрақовтың және үнемі бірге болушы еді деп немере ағасы, Ұлы Отан соғысының ардагері Жағыпар Жалбырұлының ғана аттарын атайды. Әрі қарай: «1930 жылы Қарқаралы педтехникумының, 1931 жылы Қарағанды тау-кен техникумының дайындық бөлімшесінде оқыдым. 1932 жылы маусым айында №26 шахтаға жұмысқа тұрдым, онда забойшы, кен шебері және учаске бастығының көмекшісі болдым. 1935 жылы №3 және №26 шахталары біріккенде учаске бастығы болдым» деп қысқа ғана жазады кейінкеріміз осы бір ауыр жылдар туралы. Шын мәнінде сол кездегі мыңдаған қазақ шаруалары сияқты Кеңес өкіметінің сұрқия саясатының кесірінен ашаршылыққа ұшырап, күнәкеріс қамы үшін Қарағандыға келіп паналап, оқуын да аяқтай алмай, отбасын асырау үшін шахтаның қара жұмысына жегіледі. Қазылған көр сияқты көмір шахтасында қайбір қызыққаннан жұмыс істеді дейсің, қыр қазағына мүлде таныс емес кәсіп еді ғой бұл. Оның басынан кешкендерін бозбала кезінен таныс академик Ә.Сағынов жоғарыда аталған мақалаларда былай еске алады:

«1932 жылы мен онымен Қарағанды кен техникумында бірге оқыдым. Алайда, тұрмыс жағдайына байланысты оқуды тастап, шахтаға қара жұмысқа ауысуға мәжбүр болғаны есімде. Отбасында қанша жан барын, ағайын-туыстарын біле қоймаймын, әйтеуір табыс тауып, ағайын-бауырларын асырамақ мақсатпен жұмысқа түскенім білемін. Мен Днепрпетровскіден 1936 жылы жазғы демалысқа келгенімде ол №3-26 шахтада учаске бастығы екен. Забойшы жігіт менің келер алдымда бір жыл бұрын шахтадағы кен деңгейіннің төрт айлық курсына оқып, учаске бастығына дейін көтеріліпті. Аз уақыт ішінде арнаулы білімсіз осыған өсіп кеткеніне таң қалдым. Бұл – табиғи зеректік пен туума таланттың нәти-



жесі екенін ұқтым. Ал, 1938 жылы келгенімде ол Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланыпты. Болашағы зор адам екенін аз уақытта-ақ аңғартып үлгерген еді, марқұм».

Жоғарғы Кеңестің депутаты болып сайлану білімі таяз қыр баласына үлкен мүмкіндіктер ашты. Алматыда одақтас республика болып қайта құрылған туған елдің ең жоғары билік органында болып, сессияларына қатысу, Жоғарғы Кеңестің алғашқы төрағалары Әбдіхамит Қазақпаев, Даниял Керімбаевтармен, Орталық Комитеттің хатшыларымен, үкімет мүшелерімен танысу оның қиялын шарықтап, міндетті түрде оқып, білімін жоғарылатуды алдына мақсат етіп қойды. Сөйтіп, жергілікті партия ұйымдарынан қолдау тауып, Мәскеудің Өнеркәсіп академиясында оқуға жолдама алды. Бірақ өз өмірбаянында келтіргендей, екі жылдан кейін соғыс алдындағы күрделі кезеңге байланысты академия жабылып, бұл білімін Бүкілодақтық техниктер мектебінде жалғастырады. Осында жүріп партия қатарына өтеді. Саналы азамат ретінде қолына қару алып, Отанның қорғауға сұранады. Бірақ соғыс заманының өз заңдары бар. Жергілікті басшылар көмір үшін күрес ұрыс майданынан кем емес екендігін түсіндіріп, білікті мамандардың мынадай қиын-қыстау заманда Қарағанды шахталарына ауадай қажет екендігін түсіндіреді. Сөйтіп, «броньмен» әскери қызметтен босатылып, өзі еңбек еткен Киров атындағы шахтаға қайтып оралады. Оған салған беттен көмір майданында жауапты міндеттер жүктеледі. Әуелі бас инженердің көмекшісі болады да іле өсе шахтада БК(б)П Орталық Комитетінің партия ұйымдастырушысы болып тағайындалады. Соғыстың қайнаған шағында, яғни, 1943 жылдың қаңтар айында Шаймағанға осы трестің №26, бис, ал, 1944 жылы Бесобейіндегі ең ірі Киров атындағы №3 шахтасының бастығы болу міндеттері жүктелген.

1946 жылдың 15 қыркүйегінен өмірінің соңғы күніне дейін қазақтың талантты тау-кен инженері Шаймаған Серіков Қарағанды көмір бассейніндегі аса ірі және таңдаулы «Лениншіл» трестінің басқарушысы қызметін атқарды. Бұл трестің құрамына №№17, 17-бис, 19,19-бис, 20,20-бис, 28,41, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 54 шахталары, орталықтандырылған электр-механикалық шеберхана, техникалық жабдықтау бөлімі т.б. кіреді (Қарағанды. Қарағанды облысы энциклопедиясы, 1990 ж.). Кейін трест құрамында жанадан игеріле бастаған Саран учаскесінің №№104, 105,106 шахталары да болған. Ол кездің шахталары шағын, жұмыстың басым

көпшілігі қолмен атқарылатын, әр түрлі көмір қабатында, күрделі кен-геологиялық жағдайда көмір алу және кен қазбасын дайындау жұмыстарын ұйымдастыру оңай болмайтын.

Шаймаған жауапты жұмысты атқара жүріп, білімін толықтыру жағын есте естен шығармайды. Кейбір декреттер бойынша 1949 жылы Свердловск қаласындағы тау-кен институты жанындағы Жоғары инженерлік курсты аяқтайды. Соғыстан кейінгі кезеңде тау-кен ғылымы күрт дамып, кен өндірісінде жаңа техника, тиімді технологиялар қолданыла бастаған. Жұмыс өнімділігін артуды қауіпсіздік шараларын нығайтуды талап етті. Қарағанды шахталары метан газының қопарылуы мен газ бен көмірдің кенеттен атылуынан қауіпті болып есептелетін, сондай-ақ көмірдің оттегі араласқаннан кейін өздігінен жануы да қатер еді (атап айтқанда Шаймаған басқарған Киров атындағы шахтада). Лавалардың төбесін басқару да күрделі мәселе болып тұрды. Міне, инженерлер мен ғалымдар алдында осындай проблемаларды шешу міндеттері тұрды.

Осындай қайнаған жұмыс, қызу еңбек үстінде Қарағанды шахтерлері жоспарлы тапсырмалар мен міндеттемелерді асыра орындау жолында күндіз-түні дамып таппай еңбектенуші еді. Шахталардың инженер-техник қызметкерлері мен басшыларында да мазас жоқ болатын. Әсіресе, бірнеше шахтаны біріктірген трест басқарушысына да оңай соқпады. Сондай 1952 жылғы жаздың аптап ыстықты қарбалас шағында денсаулығына қарамай жұмысына берілген Шаймаған сынды талантты ұйымдастырушының қан қымызы көтеріліп, 21 тамыз күні небәрі 43 жасында кенеттен қайтыс болып кетті. Қарағанды қаласы қайғы жұттып, қара жамылды. Артында аңырап асыл жары Бәтима, әлі көмелетке тола қоймаған үш ұл, бір қызы калды. Кеншілердің мәдениет сарайынан ақтық сапарға шығарып салған қаралы шерудің фотошежіредегі қалың нөпірі көзі тірісінде ағамыздың өз ортасында қандай қадір-қасиеті жоғары азамат болғанын дәлелдейді.

Ол еңбектегі жетістіктері үшін үш үкіметтік медальмен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 2 Құрмет грамотасымен марапатталды. 1947 жылы тағайындалып, кен орындарын басқаратын инженер-техник қызметкерлерге берілетін Тау-кен бас директоры дәрбес атағының 3-ші және 2-дәрежесіне ие болды. 1951 жылы өткен Қазақстан Компартиясының V съезіне, облыстық, қалалық партия конференцияларына бірнеше мәрте делегат болды, қалалық кеңестің де депутаты болып сайланды.

Шаймағандай есіл ердің туған-туыстарын анықтамақ болып Қарқаралы ауданындағы Бесоба селолық округіне телефон шалғанымызда әкімі, елгезек жігіт Ержан Қуанышбаев ауыл кітапханашысы әрі шежірешісі, «Ауылым – алтын бесігім» (2015ж.) атты кітапты құрастырушы Ділда Мұрынбаева арқылы қала маңындағы Доскей ауылында тұратын, жерлестері ел арасында жүргізіп жүрген насихат жұмысы мен білімдері үшін «академик» деп атап кеткен ескі танысымыз Нығмет ақсақал мен қайын жұртынан Үштөбе ауылы-

ның тұрғыны Бегайдар Асқаровтың телефондары мен адресстерін тауып берді. Зоотехник Бегайдар ақсақал да көпті көрген, көзі ашық, көкірегі ояу әңгімешіл адам екен және ол ақын бауырымыз Қайрат Асқаровтың әкесі болып шықты.

– Шаймаған қалың қаракесектің Асан тармағынан, – деп ол кісі қазақи тұрғыда әңгімесін әріден бастады. – Әкесі Ұлтрақтан Серік пен Жалбыр туса керек. Серіктен Шаймаған мен Қаппар деген інісі және Ақдәрі деген қарындасы бірге туған. Ақдәрі осы Үштөбеде тұрады, бірақ қазір ауру, есін білмейді, сізге ештеңе айтып бере алмайды. Шаймаған біздің әкейдің туған қарындасы Бәтимаға үйленген, бірақ менің 5 жасымда әкейі екеуі бір жылда қайтыс болды. Біз Алтай – Мойын – Саңай боламыз. Апай да осы Қызылтудан шыққан, көп оқуы жоқ, қызметі ауыр Шаймағанды, төрт баласын күтіп, өмірден өтті. Шаймаған Мәскеуде оқығанда бірге барды, оның қызмет бабымен іссапарлары көп болды. Аппақ қағаздай таза, қагілез адам еді. Ол кезде шахта басшылары пар атпен, паусекмен жүреді деп еститіміз. Күчері болған көрінеді. Паусекмен сыңғырлатып театрға, қонаққа барып жүреді. Курорттарда бірге дем алып тұратын. Үш ұл (аттары Максұт, Витя, Марат), бір қызы болды. Бірақ балалары әке-шешесіне тартады. Орысша өсіп, «көше тәрбиесінде» болып кетті. Ұлдарынан ұрпақ та жоқ. Тек қызы Нұржамалдан (өздері Алочка дейді) Қанат пен Айгүл деген екі немере-және бар. Шағын кәсіпкерлікпен айналысады. Айгүлі бухгалтер, ата-әжесінің мұраларына ие болып отырған қазір осы бала. Біз сұрасақ ағасы мен әжесінің суреттерін тауып береміз, – деді.

Айтқанындай, Айгүл бізге отбасылық альбомнан бірнеше фотосуреттер жіберген екен. Солардан қыркыншы жылдардың соңындағы қазақ интеллигенциясына тән пейілдері кең, мінзедері жібіктей, мейірім-шуағы төгілген бақытты отбасын көреміз. Бірақ отағасы өмірден ерте озғаннан соң шаңдырақтары шайқалды...

Нығмет ақсақалды да тауып алдық, ол кісі бұдан ширек ғасыр бұрын Шаймаған есімін ұлықтауға байланысты жоғарыда айтылған құжаттардың көшірмелерін қиындыларын әкеп берді.

Қарапайым шаруа отбасынан шығып, ірі өндіріс командирі атанған, республикалық заң шығару билік органына үш мәрте депутат болып сайланған қазақтың талантты тау-кен инженері Шаймаған Серіков, міне, осындай жолдан өтті. Қарағанды көгінен құйрықты жұлдыздай ағып өтіп, ғайып болды. Бір ғажабы, осынау талантты азаматтың туған жері мен қызмет еткен мекені, өндірісті қала Қарағандыда оның есімін еске салатын бір белгі жоқ. Осыны облыстық әкімдікке, облыстық ономастикалық комиссияға, түрлі дәрежедегі депутаттарға, бір кезде Шаймаған еңбек еткен қара шаңырақ – қазіргі «Қармет» АҚ Көмір департаментінің басшылығына құлаққағыс етеміз.

Аман ЖАНҒОЖИН,
Қазақстанның Құрметті журналисті,
облыстық ардагерлер кеңесінің жауапты хатшысы

• ҚЫЛҚАЛАМ

Мерекеге – жаңа мурал

Кеншілер күніне орай Теміртаудағы Qagmet зауытының ғимаратына жаңа мурал тарту етілді. Онда металлургтердің үш буыны бейнеленген. Өткен күннің, қазіргі және болашақтың ажырамас байланысы баяндалған.

Аялым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Республика 1/3 даңғылы бойындағы мурал эскизін авторлары – Урбанистика орталығының командасы, ал орындаушылар – AIR_G командасының суретшілері.

Қарағандыдағы Урбанистика орталығының жобалық менеджері Рүстем Қожабаевтың айтуынша, муралдан металлургтердің үш буының көрініс табуы бекер емес. Шынында, өнер туын-



дысынан патриотизмнің, тәрбиенің, адал еңбектің үлгісін көруге болады. Сондай-ақ, онда «Болашақ – біздің қолымызда» деген жазу бар.

– Мурал металлургтерге және кенші мамандығына құрметті білдіреді. Кеншілердің жұмысы мен білімі жаңа технология мен прогресті құруға негіз болды. Мурал арқылы аталарымызға деген құрметті көрсеткіміз келді. Ең жас металлург – бала, ертеңге үміт пен сенімді көрсетеді. Баланың жарқын көздері мен алға ұмтылған көзқарасы еңбек пен инновацияның арқасында шындыққа айналатын армандар мен ұмтылыстар туралы айтады, – деп бөлісті Рүстем Қожабаев.

Биыл Урбанистика орталығы Теміртаудағы бірнеше орынды – Qagmet стелаларын және Қарағанды көшесіндегі тұрғын үйді, «Абзал» сауда үйі жанындағы көпқабатты тұрғын үйді және Костенко шахтасының әкімшілік ғимаратын безендірді.

Қазіргі таңда Қарағандыдағы тағы бір мурал «1000 ұсақ-түйек» дүкенінің ғимаратында дайындалып жатыр.

– Тамыз айының соңғы жексенбісінде еліміз бойынша кеншілердің кәсіби мерекесі аталып өтетіні белгілі. Металлургия саласы өте ауыр. Көптеген адамдар жұмыс істейді. Осы салада жұмыс істейтін кеншілерді мақтан тұтамыз.

Бұл мамандық қашанда темірдей төзім мен жауапкершілікті, жанқиярлық пен қайсарлықты талап етеді. Сондықтан да олар қажырлы еңбектері арқылы қоғамда шынайы құрметке бөленіп келеді.

Мурал кеншілер даңқын арттырады. Мереке қарсаңында кеншілерге мықты денсаулық, табыс пен игілік, отбасыларыңызға бақ-берекет тілейміз, – дейді Теміртау қаласының тұрғыны Айгүл Амантай.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан



СЫДЫҚТЫҢ САЗЫН ҰМЫТУҒА БОЛА МА?..

(Соңы. Басы №92, 93 сандарында)

– Осы 1977 жылдың тақырыптық жоспарына енгізіңіздер. Кімді сызғаныз дейді, мен қайдан білейін кімді сызғаныздарыңыз?! Ол сіздің проблеманыңыз! Сматаевтың 20 баспа табақ романы биыл шығатын болсын, – деп бір-ақ кесті. Плотниковтың сегіз жылдан бергі әуре-сарсаңымды бір ғана телефон қоңырауымен шешкеніне разы болдым. Шыңғыс Айтматовтың алғысөзін, журналдың екі санына жарияланған романды алдына жайып көрсеттім. Осы шығарманы оқыған халықтан қаншама қолдау хат келгенін айттым. Оның өзіне бес жылдан асып кеткен. Плотников басын шайқады. Алғысымды айтып, кетіп бара жатқанымда тоқтатып, бір ақылдан айтты. «Сізді үш мәселеден қысуы мүмкін, – деді ол. – Біріншіден, 20 баспа табақ емес, 17-18 баспа табақ береміз деуі мүмкін. Сіз оған келіспеніз. Екіншіден, сізге жаппай тираж бермеуі мүмкін, оған да келіспеніз. Үшіншіден, сізге қаламақы ставкасын дұрыс қоймауы мүмкін. Осы үшеуінің біреуі алдыңыздан шықса, тура осы бүгінгідей менің өзіме келіңіз».

Не деген жақсы адам, ә! Кабинеттен шықсам, әлгінде Плотников жұмыстан қуған адам сүмірейіп есіктің алдында тұр. Менен кешірім сұрап, ана кісіге кіріп айтыңшы дейді, баяғы. «Ей, жоқ, – дедім. – Мен қатардағы автормын. Бес жыл бір ауыз жауап бермеген сізді не деп қорғаймын?!».

Содан ертеңіне жұмысқа келсем, есіктің алдында «Жазушы» баспасының директоры Әбілмәжін Жұмабаев тұр. Кеңескеріміз Жазушылар одағының гимнатында ғой. Бұрын кісі құрлы көрмейтін директорыңыз алдыман шығып: «Әй, Софьяжан, қалай калай? Аман-есенсің бе?», – деп ілтипатпен амандасты. «Жүрші, екеуіміз сөйлесейік», – деп кабинетіне алып келді. Араға сәл үнсіздік сабып барып, «Софьяжан, биылғы жылдың тізімінен ешкімді шығарудың ыңғайын таппай отырмын. Біреуді шығарып, орнына сені кіргізгенің өзінде кітабың бәрбір қараша, желтоқсан айларында бірақ шығады. Әлі қолжазбанды оқу керек, айту керек, бұйту керек. Дайындал, суретшіге беру керек. Уақыт бітіп қалды, білесің ғой. Сен келесі жылға ілігесің, 1978 жылдың тақырыптық жоспарына кіргізіп отырмын, 20 баспа табақ. Қантар айында, ары кетсе ақпанда шығарып берем. Екі-үш айға бола жоспарды бұздырып, біреудің обалына қаласың ба? Кімді шығарып тастаймын қазір? Осыған келісесің бе?», – деді. Өзімнің де ойым бұзылды. Ар жағында екінші кітабым дайын тұр, оның да қолжазбасын өткізіп қойғам. Біреумен ұрысқанда, соғысқанда, не табам? Ақыры келісіп, қол алыстық. Кітабым 1978 жылдың басында шығатын болды. Ал енді бір күні тақырыптық жоспарды қарасам, менің кітабымды 20 баспа табақ емес, 18 баспа табақ деп көрсетті. Плотниковтың айтқаны айдай келді. Жұмабаевқа кіріп, бұл қалай десем, «Әй, менің баспа директоры ретінде екі баспа табақ қосуға правом бар. Қосамын, ол үшін қам жеме», – деді. Сеніп қалдым.

Енді бір күні қаламақы ставкасын қойды. Менің гонорарымды ең төменгіден сәл жоғары етіп қойыпты. Себебін сұрағанда Әбілмәжін тағы да түрлі сылтау айтып, екі жылдан кейін екінші кітабымды шығарып беремін деп дөмелендіріп шығарып салды. Бұнымен ұстасқанда не табам, өзі жалғыз баспа. Енді бір күні келсем, баспа табақтың жаппай тиражы отыз мың дана, яғни маған төрт есе төленуі керек. Басылып шыққан кітаптар екі айға жетпей өтіп кетті. Тағы кірдім директорға. «Әбек, төрт есе төленуі керек емес пе, бұл қалай?», – деймін ғой. «Әй, біз саған екі есе қойдық ғой, неге жылай бересің?», – дейді. Бұған бірдене айтпай ұқтыра алмағандым сөзім де, қолымды бірақ сілтедім.

– Сонда екі есеңіз қанша сол кездегі ақшамен?

– Екі есе дегені жиырма бес мың сом. Ал егер төрт есе болса, 100 мың сом алуым керек. Маған ондай ақша төлеген жоқ. Мен әлгі Плотниковке бармасам, кітап та, ешқандай қаламақы да болмас еді.

– Сыдық ағамыз ел жайында, өзіне өнер қайдан қонғанын айтып отырушы ма еді?

– Айтып отыратын. Сыдықтың анасы Ақбұрық шешеміз Қаракесек Кәрсеннің ішіндегі Баймұраттан тарайды. Байдың қызы екен. Әкесі Үсен қажылыққа барған кісі. Мұхамеджанның әкесі Оспан да қажы болған. Ол кісі ел ішінде белгілі әнші, өнерлі адам болған дейтін. Ақбұрық әуелде Мұхамеджанның жеңгесі болған. Ағасы ерте қайтыс болып, Мұхамеджан Ақбұрыққа әменгерлік қолымен қосылған. Ағасынан Дана деген қыз бен бір ұл болған. Ол ұлды ертеректе Балқашта машина қағып, қайтыс болыпты. Ал Мұхамеджан мен Ақбұрықтың некесінен Сыдық пен Дәулетхан өмірге келген.

Мұхамеджан ақсақал домбыраны жақсы шертетін. Енді де айтатын. Біздің Арқаны білесің, небір сұлу ән мен гажаң күйдің ордасы ғой. Сыдық соны көріп, сондай ортада жүрген, Арқаның әні мен күйін бойына сіңіріп өскен адам. Жамбыл, Меркі,



Жетісу топырағында болып, сол өңірлер мен Арқа саздарынан синтез жасай алған ғажайып музыкант. Бірақ шығармаларының басым көпшілігінде Арқа әуендері сезіліп тұрады. Тәңірберлі Молдабайдың әнін жиі айтушы еді. Нұрғиса Арқаның шертпе күйлері мен Батыстың төлке күйлерінің арасында синтез тудырса, Сыдық Арқа мен Жетісу әндерінің арасынан ерекше туындылар шығарды.

– Сыдық ағаның шығармашылығы өз уақытында бағасын алды ма?

– Ол кісінің шығармашылығы кезінде жақсы бағаланып еді. Әлбетте, оған оның сол кездегі қызметі мен абырой-беделі де ықпал етпей қойған жоқ. Ол кісі консерваторияда оқып жүрген кезінде Қазақ радиосының музыкалық редакторы, көркемдік жетекшісі, кейін Қазақстан Композиторлар одағының басқарма төрағасы, Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының директоры әрі көркемдік жетекшісі, Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының директоры болды. Сондықтан ол кезде Сыдық Мұхамеджанов шығармалары лайықты бағасын алды, қазақтың беделді, маңдайалды композиторы ретінде белгілі болды. Шынында да, ол қазақтан концертинно, үлкен оратория («Ғасырлар үні»), симфония («Шаттық Отаны»), тарихи («Жұмбақ қыз») және комедиялық («Беу, қыздар-ай!») жанрда опера жазған тұңғыш композитор еді. «Ғасырлар үні» ораториясы үшін Мемлекеттік сыйлыққа ие болды. Оған жететін оратория қазақта оған дейін де, одан кейін де болған жоқ.



Әйгілі композитор ән салғанда

– Сыдық ағаны жастайыңыздан арқа тұтқаныңызды әңгімелендіреді аңдап отырмын. Ал ол кісінің өзіне шапағаты тиген тұлғалар болды ма?

– Сыдық ағам Мұқан Төлебаевтың қамқорлығын көп көрді. Төсек тартып ауырып жатқан кезінде де басқа ешкімге сенбей, орнына Сыдықты қалдырды. Талант талантты таниды ғой.

– Сыдық аға Абайдың бірнеше өлеңіне ән жазғаны белгілі.

– Ол алғашқыда Абайдың «Жарқ етпес кара көңілім не қылса да» деген өлеңіне музыка жазып, ән қылған. Ол енді 1940 жылдардың аяғында Алматыдағы Чайковский атындағы музыкалық училищеде оқып жүрген кезінде жазыпты. Осы әнімен-ақ бір-ақ күнде жарқ етіп қазақ музыкасының көгіне шырқалды. Сол кездерде жарияланған ән байқауында «Жарқ етпес кара көңілім не қылса да» ән-романыс топ жарып, Жамбыл атындағы бірінші сыйлықты жеңіп алған. Жалпы, Сыдық Мұхамеджанов дегенде осы ән-романс, «Ғасырлар үні» ораториясы, «Шаттық Отаны»

күй-симфониясы, «Жұмбақ қыз» операсы ойға оралады. Кеңес дәуірінде барлық мерекелік кештер мен концерттер «Шаттық Отанымен» басталып, сол шығармамен аяқталатын. Ал барлық туындыларын тізе берсек, ол кісінің жеке дауыс пен күйге шығарған, түрлі аспаптарға арналған туындылары қаншама! Солардың бәрі де мықты. «Дауыл», «Кене Түркістанда» симфониялары қандай! Заманында Ленинге арнаған «Дауыл» симфониясы үшін Мемлекеттік сыйлыққа ие болды.

– Осындай әйгілі, дарынды композитордың аты мен шығармалары қазіргі уақытта неліктен айтылмай кетті?..

– Шыны керек, соңында қалдырған музыкалық мұрасын зерттеуші, іздеуші мамандар жоқ. Тіпті, Алматыдағы бұрынғы Софья Ковалевская көшесіне Сыдық Мұхамеджановтың аты беріліні деп тұрғанда шешім аяқ астынан өзгертіліп, басқа композитордың аты берілді. Қала әкімі В.Храпуновқа барсам, ол: «Менің қолымнан не келеді?», – деп шарасыз кейіп танытты. Жоғарғы жақта жүзге, руға жік-жік болып бөлініп, бірін-бірі аяқтан тарту қазір де бар.

– Сыдық ағамыз Алматыға кезінде Меркі жағынан келіп, сырт көзге ұлы жүзденім деп жүрген дегенді...

– Шынында да ол кісі өз замандастары бастапқыда Жамбыл облысының тумасы, яғни ұлы жүзден деп ойлаған. Кейін Арғын екені белгілі болғанда қызметінен қудаланып, жұмысыз да қалды ғой. Филармониядан кейін ешқандай жұмысы жоқ, үйде отырып қалды. Барлық шығар-

се, бұрын табысы, гонорары жақсы болатын. Ел құсап ақша жинау, ертеңін ойлау дегенді білмеді. Ондай адамға небір қулар да үйірсек қой. Тапқан-таянғанын шашып, ұрлатып, жоғалтып жүретін, жарықтық. Үйінде мүлік атаулыдан сонау 1960 жылдардағы ескі керуеет пен орындықтар тұратын. Жеңеміз де қонақжай, қолы ашық адам болғанымен, дүние-мүлікке қызықпайтын жан еді. Өйтпейр дастархан-ның молдығын ғана құнттайтын.

Сыдық ағам жаратылысынан тұйық кісі болды деп айттым ғой. Өмірінің соңғы жылында ешкімге есік ашуды да қойды. Мен баратын болсам, алдын ала қоңырау шалып, қай уақытта келетінімді айтып ескертемін.

– Бұл кісі қазақтың классик жазушысы Ғабит Мүсіреповпен жақсы сыйласқан деседі...?

– Иә, ол рас. Сыдық ағам Ғабені еліктейтін. Ол кісінің жүріс-тұрысын, қимыл-әрекеттерін, сөйлеу мәнерін салғанда ел таң-тамаша қалып, еріксіз күлетін. Сыдықтың «Ақан сері – Ақтоқты» операсының либреттосы Ғабит Мүсірепов жазды. Оған менің де қатысым бар, либреттоның екі-үш беттік арыясын мен жаздым. Ғабенің ақындығы жоқ қой. Ғабенің билырдқа құмар, арабша біледі. Билырдқа барса, Сыдықты жанынан тастамайды, екеуі көрші тұрды. Содан бірде мынадай оқиға болды. Дүниеге қызым келіп әрі сол күні қаламақы алғам. Қуанышымды ақындар Қуандық Шаңғытбаев, Бекен Әбдіразақов үшеуіміз атап өтіп, біраз қызып алғанбыз. Қуандық аға Сыдықтың бірнеше әнінің өлеңін жазған. Бірақ дәл сол кез екеуінің әлденеге араздасып, араласпай жүрген шағы еді. Сол жағдай есіне түскен Қуандық ақын маған: «Әй, сен бүгін мені ағаммен татуластыр», – деп қолқа салды. Мен қарсы болғам жоқ, жолдан бір жарты мен бір коньяк алдық та, салып ұрып Сыдық ағамның үйіне бардық. Үйде жеңгей ғана екен. «Ойбуй, аға анау Жазушылар одағында, Ғабеніңмен билырд ойнап жатыр», – деді ол кісі. Сонда барамыз дедік. Жеңем қойнымыздағы коньяқты көріп: «Ғабенің коньяк ішпейді ғой, ол кісіге шампан дұрыс», – деп, үйден бір шампан алып шығып берді. Билырд үстелі Жазушылар одағы ғимаратының үшінші қабатында. Ғабенің де, Сыдық та осында екен. Бойда дүмпу бар, ағамның тұрғанына қарамастан бірден Ғабенің барып: «Ғабенің, менде екі ұлдан кейін бір қыз ғуы. Как по заказу. Соған ат қойып беріңіз», – дедім. Алып келген шампанды шығарып, үстелге қойдым. Ғабенің сол жердегі маркәрге бұрылып: «Әй, мынаны аш», – деді. Шампан ашылып, екі стаканға құйылды. Содан кейін Ғабенің отырып: «Жанар, Жанар, Жанар», – деп үш рет қайталады. «Ұнай ма?», – деп сұрап қояды менен. «Ойбай, Ғабенің, ұнамағанда, – деймін қуанып. – Өрине ұнайды!».

«Аман болсын, жақсы болсын, бақытты болсын!».



жүрсе, бірге қуанып, қызығу керек!». Сөйтіп шамалы отырып, сыртқа шыққаннан кейін Сыдық маған: «Әй, мұны ешкімге айтпа, мұны ешкімге айтпа», – дей берді. Жаманатқа қалып жүрме деген туыстық көңіл ғой, мен түсіндім. Ол кезде «Жұлдыз» журналының бас редакторы, менің тікелей бастығым Сырбай Мәуленов еді. Сыдық ағамның ол кісімен де сыйластығы жақсы болатын. «Бар, енді, үйіңе бар. Мен әлгі Сырбаңа айттып қоям, екі-үш күн балалардың жанында бол», – деді ағам.

– Сыдық аға түр-әлеті, тұрған бойы қандай адам еді?

– Қараторы, бойы аласа, толықтау кісі еді. Бір көзі екінші көзінен сәл қысқатқы. Керемет домбырашы болса да, аспапты көп ұстай бермейді. Күйшілігі де алапат! Өзінің үш-төрт күйі болатын. Мен баспаналы болғанда бірталай кісіні шақырып, қоныстой жасадым. Сонда Сыдық ағам мен белгілі қалагер, жанаарқалық Ислам Жарылғапов екеуі қонақтардың артынан қалып, біраз әңгімелесіп, домбыра шертті. Біреуі – ағам, біреуі – жедем. Ислам аға ол кезде Жазушылар одағы партия комитетінің хатшысы. Менің пәтер алуыма сол кісінің көп септігі тиді. «Әй, Сыдық, сенің домбыра тартқаныңды көптен естіген жоқпын. Домбыра алшы қолыңа», – деп қолқа салған да сол кісі. Сыдық ағам сол кезде өзінің бірнеше күйін орындады.

– Сыдық ағамыз әйгілі күйші Әбікен Хасеновтің көзін көрген болар?

– Көрмек түгілі, екеуі көрші тұрды. Мәсаншы көшесіндегі үйде бір бөлмелі пәтерде тұрды дегім ғой, Әбікен Хасенов те сол үйде тұрған. Бұл үй өзі әу бастан жазушылар мен композиторларға берілген. Үй дайын болған кезде басқа біреулерге беріледі екен-мыс деген қауесетті естіген Сыдық, Сырбай, Әбікен сияқты біраз адам бірінші қабақтағы пәтерлердің есік-терезесін бұзып, өз беттерімен кіріп алған. Әбікеннің жары шешеміз болып келеді ғой, театрда билетер болып жұмыс жасады. Ол кісі Сыдықты өте жақсы көрді. Әбікен қайтыс болғаннан кейін аға-жеңем ол кісіні сыйлап, қонаққа жиі шақырып жүрді. Жақсы кісі болатын. Бір жақсы, әдемі қызы бар. Әбікен мен ағамның отбасы ет-жақын туыстардай араласып тұрды. Шынында да жарқан ағайын ғой, екеуі де Қаракесек ішінде Таңыбай-Аралбайдан тараған. Бірақ біз бергі атадан бөлініп жатпаймыз ғой, Қаракесек болса болды, жақын туыс. Өзіміз де әлі күнге Таңыбай, Аралбай болып бөлінбей, Қаракесекпіз деп жүреміз. Сыдық ағам Әбікеннің күйлерін көп тыңдайтын, ол кісіден көп нәрсені үйреніп, кейбір пірімдерін өзінің шығармаларында да пайдаланды.

– Сіздің ойыңызша, Сыдық Мұхамеджановтың атын, шығармашылық мұрасын жаңғырту үшін, бүгінгілерге дәріптеп, келешек ұрпаққа жеткізу үшін не істеу керек?

– Ол кісі туралы естелік, насихат материалдарын көбірек жариялау қажет, меніңше. Мен жазсам, ағайыны деп баспайды, оны өзің де білесің. Тіпті ол кісіге зияным тиіп кетуі де мүмкін. Бұл кісіден көп төмен бір композиторлар тамыр-таныстықтың, рушылық, жершілдіктің арқасында атақты болды. Сыдықтың аты аталауына барын салғандарды да білем. Соның салдарын көріп отырмыз: жастар Сыдық Мұхамеджановтың бірер әнін эстрадала салып алып айтып жүр, ал негізгі керемет туындыларын бүгінгі буын білмейді де. Оның ешқандай операсы қойылмайды, симфониясы ойналмайды. Бір кезде болған өрте оның бұрынғы қойылымдарының реквизиттері жанып, жоғалып кетті. Оларды қайта жасатуға қаражат бөлінбейді. Оның қойылымдарында ойнаған артистердің де көпшілігі бақилық болған. Сөйтіп, опера театрында оның «Ақан сері – Ақтоқтысы» да, «Жұмбақ қыз» да, «Беу, қыздар-айы» да тоқтап қалды. Қойылмаған «Ақбаян» деген операсы бар, партитурасы дайын. Бірақ оны қоятын, оркестровасын жасайтын адам жоқ. Оған едәуір қаражат керек. Қазіргілер дайын операларын қоймай отырғанда, әлі толық дайын емес туындысын қайтесің? Іздеуші, соңына түсетін адам жоқ. Осы жайтты Мұхтар Құл-Мұхамедке мәдениет министрі болып тұрған кезінде айтып едім, одан да еш нәтиже шықпады. Өнерүйер халық іздеп, аңсап отырған дүниелер мұны бәрі...

– «Алтын кездік қап түбінде жатпайды», Сыдық Мұхамеджановтың өзіне мұралары өнерді түсіне, бағалай білетін елдің игілігіне айналар уақыт алыс емес деп ойлаймын. Өзінің қадірін білген ағамыз жайлы естеліңізге көп рахмет, бұл әңгіме елге біраз ой салар деп сенеміз.

Әңгімелескен Қайрат ӘБІЛДА

Суреттер автордың жеке архивінен

• ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

Жас балуандар жөнделген залда жаттығады

Абай қаласының қазақ күресімен айналысатын жас балуандары осы айдың аяғында жөнделіп біткен кең спорт залына кіріп, жаттығатын болады.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл спорт залы Абай ауданы ауылшаруашылық бөлімінің иелігіндегі үш қабатты бұрынғы мектеп ғимаратында орналасқан. Осыдан екі жыл бұрын оның шатыры ауыстырылып, санитарлық-тұрмыстық бөлмелері, соның ішінде, спорт залының шешініп-жуынатын орындары, дәретханасы жөндеу көргеннен де, оның өзін қалпына келтіру кешейтіндей берген.

Соның салдарынан қаладағы мамандандырылған балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебінің жас балуандары кезінде акт залы болған аядай бөлмеде бір мезгілде жаттыға алмай, 10-18 жас

аралығындағы өрендер амалсыздан үш бөлінетін.

Одан қалды сайлау бола қалса, бұлар жылы орындарын суытып, көрінген босағаны жағалап жүргендері. Өткен жылы осы жағдай жайында «Орталық Қазақстан» газетінде «Қазақ күресіне қамқорлық керек» деп мәселе көтергенбіз де.

Абай ауданының әкімі Сәбит Оспанов бұл дабылымызға бірден құлақ асып, биыл аудандық бюджеттен осы екі залдың ағымдағы жөндеуі үшін 27,6 миллион теңге бөлгізіп, ол жұмыстардың мердігері «Almigi» ЖШС маусым айының басында іске кіріскен екен.

Аталған серіктестіктің құрылысшылары мен мамандары осы мерзім ішінде аумағы 275,5 және 338,7 шаршы метрден тұра-



тын қос залдың есік, терезелерін, едені мен жылу жүйелерін ауыстырып, іргесі мен төбесін сы-

лап, әктеп, еденін сырлап бітіп

те қалыпта. Енді осы екі нысан да жоғарыдағы спорт мектебіне

жалға берілмек.

Жиырма үш жылдан бері абайлық жас балуандарды қазақ

күресіне баулып келе жатқан Орал Исаңның қуанышында шек жоқ. Бұған дейін күрестің осы түрінен қаншама разрядшылар мен спорт шеберлігіне үміткерлерді даярлап шығарған оның енді кең жерде еркін көсіліп, бар білгенін балғын балуандарға үйретуге мүмкіндігі бар. Болашақта олардың арасынан көк байрағамызды әлемдік бөсекелер мен жарыстарда желбірететін сан асақтың суырылып шығып, көзге түспесіне кім кепіл?!

Өйткені, спорт залдың іргесіне ілінген күш атасы Қажымұқан мен күрестен Париж Олимпиадасының жүлдегерлері Елдос Сметов пен Демеу Жадыраевтың, Ғұсман Қырғызбаевтың үлкен суреттері оларға күш-жігер беріп, жаңа жеңістерге жетелеп бастары хақ!

Абай ауданы

Сурет автордан

ХАБАРЛАМА

«Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ төменде көрсетілген денсаулық сақтау ұйымдарына байқау кеңесінің мүшелігіне бос лауазымға орналасуға конкурсты жариялайды.

Конкурс өткізу күні: 23.09.2024 жыл.

Конкурс өткізу орны: «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ, Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 2 үйі, 4 қабат, конференц-зал, телефон 8(7212) 559784.

1. Қарағанды облысы, Абай ауданы, Топар кенті, Гиппократ көшесі, 1 құрылыс мекенжайы бойынша орналасқан «Абай ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК байланыс телефоны 8(72153) 33-610. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 1 бос орын.

2. Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Гастелло көшесі, 23 үйі мекенжайы бойынша орналасқан «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМК байланыс телефоны 8(7212) 512659. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 1 бос орын.

Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңестеріне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімінің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінің болуын қамтиды:

- денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесінің;
- денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің;
- денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

- Байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлана алмайтын тұлғалар:
 - соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;
 - заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам заңды тұлғаның басшысы болған;
 - бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
 - байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы тұлға.

Құжаттар «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ № 14 кабинетке баспасөз басылымдарында хабарландыру жарияланған күннен бастап, күнтізбелік отыз күн мерзімде ұсынылады.

- Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:
- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
 - 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндемесі;
 - 3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
 - 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
 - 5) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;
 - 6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмелері;
 - 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсыныс) ұсына алады.

Құжаттарды қабылдау күні 24.08.2024 жылдан бастап.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области» объявляет конкурс на занятие вакантной должности в члены наблюдательного совета в нижеперечисленные организации здравоохранения.

Дата проведения конкурса: 23.09.2024 года.

Место проведения конкурса: ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области», город Караганда, улица Алиханова, дом 2, 4 этаж, конференц-зал, телефон 8(7212) 559784.

1. В КГП на ПХВ «Районная больница Абайского района» расположенное по адресу: Карагандинская область, Абайский район, поселок Топар, улица Гиппократа, строение 1, контактный телефон 8(72153) 33-610. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 1 вакантное место.

2. В КГП на ПХВ «Областной центр психического здоровья» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Караганда, улица Гастелло, дом 24, контактный телефон 8(7212) 512659. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 1 вакантное место.

Требования, предъявляемые к лицам, избираемым в наблюдательные советы в государственных предприятиях на праве хозяйственного ведения в сфере здравоохранения, включают наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:

- наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права не менее пяти лет;
- наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права на руководящей должности не менее трех лет;
- членство в общественных объединениях в сфере здравоохранения и (или) экономики и (или) бизнеса и (или) права.

В качестве члена наблюдательного совета не может быть избрано лицо:

- имеющее непогашенную или неснятую судимость;
- являвшееся руководителем юридического лица более одного года до принятия решения о признании данного юридического лица банкротом;
- ранее совершившее коррупционное правонарушение;
- находящееся в отношениях близкого родства и свойства с другим членом наблюдательного совета или руководителем государственного предприятия.

Документы предоставляются в ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области» в кабинет № 14, в течении тридцати календарных дней со дня опубликования объявления в периодических печатных изданиях.

Необходимые для участия в конкурсе документы:

- 1) заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме);
- 2) резюме на государственном и русском языках;
- 3) автобиография (в произвольной форме);
- 4) копия документа, удостоверяющего личность кандидата;
- 5) копия документа о высшем образовании;
- 6) копии документов, подтверждающие трудовую деятельность, указанные в статье 35 Трудового кодекса Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года;
- 7) документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикациях, рекомендации от руководства предыдущего места работы).

Дата приема документов с 24.08.2024 года.

• ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

Веналық музыкант концерт қояды

Қарағандылық көрермендер 25 тамызда Венадан келген музыка шебері, органишы Стефан Доннердің өнерін тамашалай алады. Аталған концерт Дева Мария Фатимская католик шіркеуінде өтеді.

Стефан Доннер – Вена музыкалық университетінде орган, фортепиано және дирижерлік бағытында білім алған. Еуропа елдерінде, сондай-ақ, Түркия, Израиль, АҚШ және Аустралида концерттер беріп, шеберлік сабақтарын өткізіп, қалың елдің ыстық ықыласына бөленген талантты органишы. Халықаралық орган фестивальдерінде үнемі солист ретінде өнер көрсетіп келеді.

Концерт бағдарламасында Пол Хофгеймер, Петр Планявский, Ференц Лист, Вольфрам Вагнер, Максимилиан Кройц, Йозеф Фридрих Допельбауэр сынды XIX және XX ғасырдағы музыка майталмандарының шығармалары орындалмақ.

Басталуы сағат 15:00-де. Кіру тегін.
Концерт Аустрияның мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен өтетінін атап айту керек.

Өз тілшімізден

Қарағанды Шинсервис

Арнайы диллер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

• жеңілдетілген үлгілер үшін
• жеңілдетілген үлгілер үшін
• тракторлар және ауылшаруашылық техникалары үшін
• арнайы техникалар үшін

Қарағанды қ. қойма: Асфальтты көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1
тел. 8 707 80 35 800

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы link.kar@minfin.gov.kz

• МАМАН КЕҢЕСІ

Тағамға сақтық керек

Азық-түлік ботулизмді сирек кездескенімен, ағымы ауыр ауру. Оны үйде консервіленген тамақ өнімдері, сондай-ақ, ашыту нәтижесінде алынған тағамдар тудыруы мүмкін.

Ботулизмді ересектер де, балалар да жұқтыруы мүмкін. Ол тыныс алу жолдары, ауыз бен ашық жаралар арқылы жұғады. Бірақ ауру адамнан адамға берілмейді. Ботулизмнің қоздырғыштары барлық жерде бар. Олар топырақ пен көнде, жемістер мен көкөністерде, балықта және жануарлардың жем-шөбінде, тіпті жылы қанды жануарлардың нәжісінде кездеседі.

Бұл ретте бірқатар азық-түлік өнімдерінің де өзіндік ерекшелігі бар екенін ескерген жөн. Жасыл бұршақ, шпинат, саңырауқұлақтар мен қызылша, консервіленген балық, ашытылған, тұздалған және ысталған, шикі ет өнімдері, ветчина және шұжықтар ботулотоксин өндіретінін білген абзал. Ұзақ уақыт жылы жерде сақтау да бұл тағамдар үшін қауіпті.

Уланудың алдын алып, ботулизмді жұқтырмау үшін Қарағанды облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мамандары өнімді рұқсат етілмеген сауда орындарында, жеке тұлғалардан, оның ішінде, интернет арқылы сатып алмауға кеңес береді. Ауру микробтары мен токсиндері өнімнің сыртқы түрін, иісі мен дәмін өзгертпейтін мүмкін. Сондықтан, үйде дайындалған консервілерді тамақтанудан 6-12 сағат бұрын 15-20 минут қайнату керек, 36 сағат ішінде тұтыну керек. Азық-түлік пен консервілерді үстелге ұсынар алдында қайнату, қуыру – ботулизм мен басқа да ішек аурулары мен тамақтануланудың алдын алудың негізгі амалы.

Өнеркәсіптік тәсілмен дайындалған консервілерді ғана пайдаланыңыз, қақпағы ісінген консервілерді жеменіз, термиялық өңдеуді мұқият жүргізіңіз және өндіруші көрсеткен температурада сақтаныз.

Егер өнімдерді үйде сақтайтын болсаңыз, бірқатар ережелерді сақтаған маңызды. Ет пен балықты герметикалық жабық банкаларда сақтауға болмайды. Бұл – ботулизм микробтары үшін өте қолайлы орта. Құрамында табиғи қышқылы жоқ (княр, тұздалған бұршақ) және топырақ қалдықтарынан толығымен жуу қиын көкөністерді сақтауға болмайды. Үйде консервіленген барлық өнімдерді тоңазытқышта немесе салқын жерде сақтауды ұмытпаңыз.

Ботулизмнің инкубациялық кезеңі қысқа. 6-30 сағат арасында көрініс береді. Одан ұзаққа созылуы сирек кездеседі. Ауру күрт басталады: алғашқы 2-3 сағатта – әлсіздік, бас ауыруы, бас айналу орын

алады. Осының салдарынан ауыздың құрғауы, шөлдеу байқалады. Кейбіреулер аурудың алғашқы 2-3 күнінде іштің ауырсынуын сезінеді. Бірден байқалатын және ерте кездесетін симптом – қусу. Температура әдетте қалыпты болып қалады немесе 37,7-38° аралығында бірнеше күн бойы көтеріледі. Осы ауруға тән тағы бір симптом – іш кату.

Егер сіз ботулизмнің кем дегенде бір-екі симптомын байқасаңыз, шұғыл түрде дәрігер көмегіне жүгініңіз. Ағзадан улы заттарды шығару үшін ауырған адам асқазанын жуу қажет. Уақытылы көмек көрсету аурудан тез айығуға көмектеседі. Адам дәрігерге неғұрлым ертерек жүгінсе, соғұрлым ертерек диагноз анықталып, нақты емдеу жүргізіледі.

Юрий ЗАЛЫГИН, облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы





Паралимпиада ойындарына аттанды

PARIS 2024
PARALYMPIC GAMES



Парижде өткен XXXIII Жазғы Олимпиада ойындарында отандастарымыз жеті медаль ишілеген еді. Өкінішке қарай, қарағандылықтар жеңіс тұғырынан көріне алмады. Алайда, 28 тамыз бен 8 қыркүйек аралығында Франция астанасында XVII Паралимпиада ойындары өтеді. Ұлттық құрама Парижде аттанып та кетті. Олардың арасындағы қарағандылық паралимпиадашылар Дастан Мұқашбеков пен Даяна Федосова қоржынға медаль салады деп үміттенеміз.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Төрт жылдықтың басты додасында жарыстар спорттың 23 түрінен өтеді. Ұлттық құрама сапында 44 паралимпиадашы болса, олар параатлетика, парапаруэрлифтинг, паратаэквондо, пара-үстел теннисі, паражүзу, парадзюдо, каноз, пара-отырып ойнайтын волейбол, парак-ату сынды тоғыз спорт түрінен бақ сынып, ел намысын қорғайды.

Ел спортшылары Паралимпиада ойындарына осымен сегізінші рет қатысқалы отыр. 1996 жылдан қазіргі уақытқа дейін олар Жазғы Паралимпиада ойындарында 7 медаль (2 алтын, 4 күміс және 1 қола) жеңіп алған.

Параатлетикадан (ядро лақтыру) еліміздің намысын қорғайтын Дастан Мұқашбеков жарысқа мығым дайындалғанын айтады. Дастанның өнерін 4 қыркүйекте отандық арналар көрсетеді.

Бұл Дастанның Паралимпиадаға екінші рет қатысуы. 2021 жылы Токиода алтыншы орынға тұрақтаған. Билтыр Парижде өткен Әлем чемпионатында қола жүлдегер атанып, Паралимпиадаға лицензия ұтып алған-тын.

Жазғы Олимпиаданы көрдім. Оқу-жаттығулар арасындағы үзілісте қазақ спортшыларын колдадым. Елдос Сметовтің жеңісіне қатты қуандым. Күміс жүлдегер Демей Жадревпен оқу-жаттығу жиынында кездескенмін. Ол – өте еңбеккер спортшы. Паралимпиада ойындарына дайындығым жақсы. Барымды салып, қарағандылық



жанкүйерлерді қуантқым келеді, – дейді Д.Мұқашбеков.

Биылғы Паралимпиадаға ең көп лицензияны дзюдошылар жеңіп алды. Парадзюдодан 10 спортшымыз өнер көрсетеді. Олардың арасында қарағандылық парадзюдо шебері Даяна Федосова бар. Даяна Федосова Азия чемпионатында алтын, әлем чемпионатында қола жүлде жеңіп алған. Оның бірінші жекпе-жегі 6 қыркүйекте өтеді.

Даяна жауапкершілігі мол, қырағы спортшы. Турнирде осал қарсылас болмайтыны анық. Басты бәсекелесіміз – Жапония, Өзбекстан және Қытай спортшылары, – дейді Даянаның жеке жаттықтырушысы Қанат Сағындық.

Жиырма үш жасар Д.Федосова Токиодағы Паралимпиадаға қатысқан. Көптеген турнирлердің жеңімпазы және жүлдегері. Парадзюдодан 57 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Олимпиадалық рейтингте үшінші орында тұр.

Дзюдо – қазіргі таңда ең танымал және ең көп сұранысқа ие спорт түрі. Елімізде де жақсы дамып келеді. Мәселен, Жазғы Олимпиада ойындарында жерлестеріміз Елдос Сметов пен Ғұсман Қыргызбаев ел қоржынына алтын және қола медаль салып, мерейімізді тасытқан еді. Мен де сол ағаларымның жеңісті жолын жалғап, Париждегі Жазғы Паралимпиада ойындарында сәтті өнер көрсетіп, алтын медаль алғым келеді. Ол үшін барымды саламын, – деп атап өтті Даяна Федосова.

Жазғы Паралимпиада ойындарының басталуына санаулы күндер қалды. Отандастарымыз жеңіс тұғырына көтеріледі деп сенеміз!

Сурет облыстық әкімдік сайтынан

«Көп тудың ішінен Көк Туды желбіретсем...»

Түбі бір түркі ағайындармен қатар елі басқа Еуропа елдері сайысқа түскелі жатқан V Дүниежүзілік көшпенділер ойынының басталуына санаулы күндер қалды. Қарағанды жұртшылығы да Ұлттық ойынның сайыпқырандарын сайлап, ұлы додаға жасакталып болды. Тіпті, ұлттық спорт түгілі өзбек ағайының ұлттық күресі кураштан да сайысқа түсер саңлақтарымыз бар. Бұқар жырау ауданы Шалқар ауылының тумасы Ажар Салықова – V Дүниежүзілік көшпенділер ойынына іріктеуден ірікпей өткен балуан қыз. Орайы келіп дода алдында Ажармен әңгімелесіп, жарысқа жолдама алу жолындағы кезеңдері жайлы сұраған едік.

– Ажар, ең алдымен өзіңіз туралы айта кетсеңіз... Спортқа қалай келдіңіз, талай мықтыны сүріндірген іріктеуден өтуіңіздің сыры неде? Өзбек ағайының курашын қалай тез игеріп алдыңыз?

– Мектепте оқып жүргенде 8-сыныптан бастап 11-сыныпқа дейін Ә.Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжде оқыдым. Кейін Алматыдағы Қазақ спорт және туризм академиясында дене шынықтыру факультетінің бакалавр және магистрлік дәрежесін игердім.

Негізі спортты дзюдо күресінен бастағанмын, одан кейін самбоға ауыстым. Осы екі спортпен 10 жылға жуық айналыстым. Кейін джиу-джитсу спортына қатты қызығып, соған бет бұра бастадым. Қазір екі жыл болды джиу-джитсудан күлгін белбеу дәрежесін алып, Қазақстан Республикасының екі дүркін чемпионы, Азияның екі дүркін қола жүлдегері атандым.

Жок, іріктеуден өтуімнің сыры да, құпиясы да жоқ. Өзбек елінің курашымен айналысқаным көп болған жоқ. Бұл спорттан жүлделі жарысқа алғаш 2022 жылы 70 келі салмақта шығып, ел чемпионатының жеңімпазы атандым. Ал, келесі жылы тағы Қазақстан Республикасының чемпионы атанып, Азия чемпионатына жолдама алдым. Ол жерден күміс медаль бұйырды. Бұдан соң араға көп уақыт салмай Әлем чемпионатының қола жүлдесін жеңіп алдым. Биыл наурыз айында осы V Дүниежүзілік көшпенділер ойынына кураш күресінен іріктеу өтіп, сол жерде бас жүлдеге ие болдым. Осылайша дүбірлі додаға жолдама нәсіп болды.

– Ала шапанды ағайындардың кураш күресі – 3500 жылғы тарихы бар көне спорт. Бір ғана кураш сөзінің мағынасы – «адал жолмен максатқа жету» деп аударылады екен. Десең те, оның әдіс-тәсілі көпшілікке беймәлім. Соны өзіңнен сұрасақ, кураш қай елдің күресіне көбірек ұқсайды? Айырмашылығы қандай? Несімен ерекшеленеді?

– Кураш өзбек елінің ұлттық спорты болған соң, көбісі оны қазақ күресіне ұқсайды деп ойлайды. Алайда, кураш жапондардың дзюдосына көбірек келеді. Екеуінің айырмасы дзюдодо партер, яғни, жерде жатып айкасу бар, ал, курашта тек тұрып белдесу керек. Тіпті, арнайы киім



Сурет облыстық әкімдік сайтынан

(кимоно) де ұқсас. Тек, түстері жасыл және көк болып бөлінеді. Оны «яхтак» деп атайды. Қос балуан боз кілемге жалаң аяқ шығуы тиіс. Мұнда да қырка, жамбас, артқа тастау, іштен ілу, нықтан асыра тастау сынды әдістер бар. Әр әдістің өзіне сай ұпайы болады. Ерекшеліктеріне келер болсақ, алаң сыртында жасаған әдіс саналмайды. Егер әдіс алаң ішінде жасалып, сосын алаң сыртында аяқталса, онда әдіс толық жасалған болып есептеледі. Ұру, буындыру, қылқындыру, қол қайырып, ауырту әдісін жасау және аяқтан ұстауға қатаң тыйым салынады. Ондай әрекет жасаған спортшы бірден алаңды тәрк етуі тиіс. Ол спортшыны төреші тіпті кураш спортынан аластатып жіберуге де толық құқылы.

– Еліміздің атынан кураш күресінен қанша балуан белдеседі? Олардың салмақ дәрежелері қандай болмақ?

– Нақты қатысатын спортшыларды білмеймін. Бірақ, дода бойынша кураш күресінен қатысушылар алты салмақ сапында ерлер, үш салмақ дәрежесінде қыздар белдеседі. Ерлер 60, 66-ға дейін және

73, 81 келіге дейінгі хәм абсалюттік салмақта болса, қыздар 57, 70, 87 келіге дейін күреседі. Күрес уақыты ерлерге 5 минут, қыздарға 3 минуттан беріледі.

– Қарсыластар қай елдерден келеді? Олардың деңгейлері жайлы не айтасыз? Және қай елдің спортшысы сізбен ақтық сында жолықса қауіп төндіретін еді?


– Ең мықтылар – әрине, өзбек елінің балуандары. Себебі, кураш олардың ұлттық спорты. Сонымен қатар, түркімен, ирандықтар және кыргыз елінің спортшыларын атап өтуге болады. Қарсылас деп еске алып елеп, әдісіне қарымта шабуыл ояластыратын спортшының бірі – кыргыз қызы Айсулуу Тыныбекова. Ол – 2020 жылы Токиода өткен Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері. Сосын өзбек қызы Актенге Кеунимжаева шығып қалатын шығар. Алайда, олармен белдесе калсам, қам жемеймін. Себебі, біздің де қанымызда батырлық пен қайтпас қайсарлық бар. Жәнем деген үміттемін. Көп тудың арасынан Көк туымызды желбіретіп биікке көтерсем – еңбектің еш кетпегені. Қазақта айтады ғой «Һас тұлпардың баласы аз оттап, көп жусайды, һас жақсының баласы аз сөйлеп, көп тындайды» деп. Сол секілді, сөзден гөрі ісіміз күшімізге сеп болсын!

– Әңгімеңізге мың алғыс, Ажар!

Сұхбаттасқан
Жан Амантай,
«Ortalyq Qazaqstan»

Суретші қиялындағы күдірет

Қарағанды қаласының 90 жылдық мерейтойына орай облыстық бейнелеу өнері мұражайында «Уақыт пен кеңістіктегі Қарағанды» қалалық шығармашылық симпозиумы өтіп жатыр. Симпозиумының ережесіне сәйкес, әр қатысушы берілген тақырыпқа 120-да 100 см-ге дейін бір көркем шығарма салып шығуы тиіс. Ол жұмыс мұражайда орындалады.



нуға болады. Біз оларды тек реализммен шектемедік. Мүмкін олар бізге болашақта Қарағанды қандай болатынын көрсетер немесе өткен күндер мен тұлғаларды еске



алатын шығар. Симпозиум қаланың 90 жылдығына арналып отыр, – деп атап өтті музей басшысы Бибігүл Құдабаева.

Симпозиумға алты қарағандылық суретші қатысып, бақ сынауда. Нақтырақ айтсақ, Айбек Бегалин, Бейбіт Мұстафин, Игорь Раков, Мадижан Қалмаханов, Қаныш Балабеков және Виктор Аренд.

решті қатысып, бақ сынауда. Нақтырақ айтсақ, Айбек Бегалин, Бейбіт Мұстафин, Игорь Раков, Мадижан Қалмаханов, Қаныш Балабеков және Виктор Аренд.



– Өз жұмысым туралы айтсам, бұл – абстрактілі стильде, бірақ түсінікті болатын туынды. Мен оны «Кеңіштер қаласы» немесе «Кеңіштер мерекесі» деп атағым келеді, – дейді Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері Бейбіт Мұстафин.

Симпозиумының шарттары бойынша суретшілердің барлық жұмысы мұражай қорына түседі. Ал, 28 тамыз күні қорытынды шығарылып, көрме ұйымдастырылады және қатысушылар түрлі сыйлықпен марапатталады.

Шараны ұйымдастырушылар алдағы уақытта жинақ-альбом шығаруды жоспарлап отыр. Оған симпозиумдағы фотосуреттер, суретшілер туралы ақпарат және олардың жұмыстары кіретінін атап өткен жөн.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Бұған дейін біздің мұражайда мұндай іс-шара болған емес. Бұл шығармашылық симпозиум, қандай да бір кездесулер мен конференциялардан гөрі қызықты әрі әр адамға шығармашылық көңіл күй сыйлайды екен. Қала суретшілері қысқа мерзімде (20-28 тамыз аралығында) «Уақыт пен кеңістіктегі Қарағанды» тақырыбы бойынша форматты сюжеттік жұмыс жасауы тиіс. Мұнда кез келген әдіс-тәсілді колда-

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ақпарат» ЖШС
Директор –
Қайрат Жүнісулы
ӨБІДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерскс: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция кезқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KZJL32XX БИН 000840001412

Таралымы 4 185

№ 95 тапсырыс. Индекс 65484

Оффсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Аялым СОВЕТ**